



ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫНА ДАЙЫНДЫҚТЫ РЕТТЕУДІ ТАПСЫРДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Энергетика министрі Алмасадам Сәтқалиевті қабылдады.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа еліміздің отын-энергетика кешенінің биылғы бірінші жартыжылдықтағы дамуы жөнінде есеп берілді.

Алмасадам Сәтқалиевтің айтуынша, осы уақыт аралығында 44,7 миллион тонна мұнай өндірілген. Мұнай

өнімдерінің өндірісі 6,78 миллион тоннаны құраған. Сондай-ақ 30,1 миллиард текше метр газ өндіріліп, электр қуатын өндіру көлемі 60,4 миллиард кВт/сағатқа жеткен.

Президентке ведомствоның тұтынушыларды электр қуатымен және

жылумен тұрақты қамтамасыз етуге бағытталған ірі инвестициялық жобаларды іске асыру жоспары жөнінде мәлімет берілді. Сонымен қатар жанар-тылатын энергия көздерін дамыту шаралары туралы баяндалды.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы жылыту маусымына дайындық бойынша тиісті жұмыстарды жүргізуді және ішкі нарықты мұнай өнімдерімен қамтамасыз етуді тапсырды.



ТҮТІНСІЗ КӨЛІККЕ – тегін тұрақ

Қазақстанда «электромобилизм дәуірі» басталды. Ел тарихында тұңғыш рет, өзгесінен бөле-жара, автокөліктің тек осы түріне арналған жеке заң қабылданып отыр. Өзге автомобильдер ақы төлесе ғана аялдай алатын автотұрақтарға электромобильдер тегін тұрақтайды. Оларға кең өріс ашу үшін республикалық трассаларда және басқасында қуаттау стансаларын орнату міндетті болады. Сарапшылар арасында қызу пікірталас, тіпті қарсылық туғызған жаңа заң қандай жаңалық әкелмек?

(Жалғасы 4-бетте)

«ЖАСЫЛ ҚАЗАҚСТАН» ЖАҢҒЫРУ ҮСТІНДЕ



2021-2025 жылдарға арналған «Жасыл Қазақстан» ұлттық жобасы халық үшін қолайлы өмір сүру ортасын құруға, экологиялық жағдайды жақсартуға, сондай-ақ халықтың экологиялық санасын жаңғыртуға бағытталған. Биыл Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 10 маусымдағы Жарлығымен «Жасыл экономикаға көшу тұжырымдамасына» бірқатар өзгеріс енгізілді.

ТУРИЗМГЕ СЕРПІН БЕРЕР ФЕСТИВАЛЬ



Туризмнің дамуына серпін беретін Balhash Tour Fest Қарағанды облысына қарасты Балқаш қаласында екінші мәрте өтті. Фестиваль қала тұрғындары мен қонақтарын көл жағасындағы түрлі ойын-сауық пен мәдени іс-шарамен қуанытып келеді. Ұйымдастырушылар демалушыларға мәдени, спорттық және экологиялық іс-шараларды қамтитын екі күндік ауқымды бағдарлама ұсынды.



КӨҢІЛ АЙТУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев көрнекті тарихшы, этнограф ғалым, шығыстанушы, «Құрмет» орденінің иегері, академик Қаржаубай Сартқожаұлының дүниеден өтуіне байланысты оның отбасы мен жақын туыстарына көңіл айту жеделхатын жолдады.

«Қаржаубай Сартқожаұлы бар саналы ғұмырын түркі дүниесінің тарихын түгендеуге, ұлт руханиятының көкжиегін кеңейтуге арнаған зерделі ғалым болды. Ғылымға шын берілген қарапайым болмысымен бітіктас білгірі атанды. Іргелі еңбектер жазып, ұлағатты ұрпақ тәрбиеледі. Қарымды қаламгер ретінде оқырман қауымға ойлы шығармалар ұсынды. Сонына рухани мол мұра қалдырған Қаржаубай Сартқожаұлының жарқын бейнесі халқымыздың жүрегінде мәңгі сақталады.

Марқұмның иманы саламат, жаны жәннатта болсын», — деп жазылған жеделхатта.

АУЫЗСУМЕН ҚАМТУДЫҢ АУҚЫМЫ КЕҢЕЙДІ



Халықты таза ауызсумен қамтуға бағытталған жобалардың жүзеге асырылу барысы Тараз қаласында да жіті бақылауда. Әсіресе, «Құмшағал», «Қазарма», «Шөлдала», «28 саяжай» тұрғын алқаптарына таза тіршілік нәрін жеткізу ісіне баса назар аударылып отыр. Осы мақсатта 2022 жылы аталған алқаптарда ауқымды жұмыстар басталған еді. Біраз жылдан бері көтеріліп келе жатқан мәселенің шешімін табу үшін қазынадан 6,6 млрд теңге қаралып, су құбырын тарту жұмыстары қарқынды жүргізілді.

» 7

АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕНДІ ДАМУ – ҚУАТТЫ ЖОБА



Бүгінде еліміз ауыл шаруашылығы саласын дамытудың кешенді шараларын қабылдап, қазынадан жеткілікті түрде қаржы да аударып жатыр. Саланы құлдыратпай сақтап қалу, агроөнеркәсіптік кешенді дамыту өзекті мәселеге айналды. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ауыл мен агроөнеркәсіптік кешенді дамыту мәселелері жөніндегі кеңесте ауыл халқының сексен бес пайызы тұратын тірек ауылдарды дамыту қажет екендігін атап өткен болатын.

» 5

ПАРИЖ–2024: КӨПТЕН КҮТКЕН АЛТЫН

Бұл Сметовтің үшінші Олимпиадасы еді. 2016 жылы күміс, 2020 жылы Токио Олимпиадасында қола еншіледі. Мойнына алтын медаль тағып, еліміздің әнұраны шырқалғанда еңкілдеп сала берген спортшы күллі қазақты жылатты. Ақ тер ақталған күні арқасынан жүк түскендей болды. Қуаныштың көз жасы екені түсінікті. Өйткені бұл алтынды қазақ 44 жыл күткен еді. Кезінде Жақсылық Үшкемпіров «Олимпиададан алтын алатын балуан сен боласың, Елдос» деп батасын беріп, тілеуін тілеген екен.

» 8





ҚАУІПСІЗДІК пен ТҰРАҚТЫЛЫҚ – БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚ

Бүгінгі геосаяси жағдайдың күрделілігі ондағы қандай қауіпке де дайын болуға үндейді. Соның ішінде діни экстремизм ерекше сипатқа ие. Әсіресе, Орталық Азия мемлекеттері үшін оның өзектілігі жоғары. Өйткені осы аумақтар халифат құру идеологиясы аясында қарастырылады. Мұндай қауіпке қарсы тұру мақсатында осы айда Маңғыстау облысында «Бірлестік–2024» халықаралық жедел-тактикалық командалық-штабтық оқу-жаттығуы өткен болатын.

Шартты ортақ қарсыласқа қарсы оқу-жауынгерлік міндеттерді пысықтауға Қазақстан, Әзербайжан, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстанның әскери контингенттері қатысты. Әскери маневрлер «Оймаша» полигонында, сондай-ақ Тоқмақ мүйісінен екі шақырым жердегі теңіз учаскесінде өтті. Оқу-жаттығуға 4 мыңға жуық әскери қызметші және 700-дей қару-жарақ пен әскери техника жұмылдырылды. Тактикалық эпизодтар жердегі және әуедегі барлау топтарының, теңіз арнайы күштерінің, армиялық және майдандық авиация экипаждарының, әскери кемелер мен катерлердің, артиллериялық есептоптардың, шабуылдаушы және танк бөлімшелерінің қатысуымен өтті. Әскери контингенттер қарулы қактығысты оқшаулау бойынша бірлескен операция дайындап, оны жоспар бойынша жүргізді. Маневрлер теңіздегі түнгі эпизодтарды, соның ішінде десант түсіруді де қамтыды. Мәселен, қатысушы мемлекеттердің әскери контингенттері түнгі уақыттағы тактикалық іс-қимылдарды тәжірибе түрінде көрсетті. Әскерлердің бірлескен іс-қимылын бақылау алаңынан Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі, генерал-полковник Руслан Жаксылыков пен оның Әзербайжан, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстаннан келген әріптестері бақылап отырды.

«Оймаша» полигонында өткен соғыс қимылдары театрында қатысушы елдердің әскери қызметшілері 17 тактикалық эпизодты пысықтады. Оның бәрі Халифат мемлекетін құруға ұмтылған заңсыз қарулы құрылымдарды тауып, олардың көзін жою жөніндегі бірыңғай оқу-жауынгерлік тапсырмалар аясында топтастырылған. Арнайы операцияны сәтті жүзеге асыруда жерүсті және әуеден барлау қызметтері маңызды рөл атқарды. Бандалық құрылымдардың базаларын тапқаннан кейін арнайы мақсаттағы топтар соккы беру үшін армиялық авиацияға координаттарды тапсырды. Сонымен қатар алғы шептегі базалық аймақтарды, содырлардың позицияларын және олардың бағдары мен қозғалысын іздеуді жауынгерлік экипаждар, Wing Loong, Orbiter және Puma ұшқышсыз ұшатын аппараттарындағы барлау кешендері жүзеге асырды. Бандалық құрылымдардың өрістеген жері артиллерияның күшімен жойылды. Жау позициясынан ұшырылған дрондар тобының шабуылына әскери қызметшілер радиоэлектронды күрес құралдарымен өзара іс-қимыл жасай отырып, жылжымалы зенитті зымыран кешендерімен және зениттік қондырғылармен тойтарыс берді. Заңсыз қарулы құрылымға барынша зиян келтіру мақсатымен әскерлер тобының біріккен бөлімшелері басқарылатын минаяландары мен артиллерия күштерін қолдана отырып, «от қапшығын» құру бойынша маневр жасай алды. Жау артиллериясының атыс шабуылын тойтаруға танкке қарсы қол және станоктық гранатометпен, реактивті жаяу әскер отшашарымен, танкке қарсы зымыран кешендерімен және пулеметтермен жабықталған ұтқыр топтар қатысты. Олардың туннельдер арқылы шегініс жасауы әскери контингенттер артиллериялық есеп-топтарының қолдауымен жүзеге асырылды. «Сак қорғаны» тактикалық тәсілін орындау кезінде танк экипаждары үйлесімді қимыл көрсетті. Мұндағы шабуылға тойтарыс берудегі әдістің артықшылығы: танктердің аяқ астынан пайда болуы және шабуылдаушының жеңіліске ұшырауы болды. Заңсыз қарулы құрылым топтарының сытылып

кетуіне атыс шебінде орналасқан резервтік күштер келергі келтірді. Операцияның сәттілігі алдын ала тиімді позицияға ие болған тактикалық әуе десантын, сондай-ақ аралас авиациялық топтың соккыларын енгізу арқылы дамыды.

Осылайша, оқу-жаттығу жоспары бойынша құрлықтың осы бөлігіне шоғырланған содырлар тобының қалдықтары айтарлықтай шығынға ұшырады. Біріккен әскерлер тобының бөлімшелері барлау жүргізу, миная қарсы құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету, аралық базаны, құрлықтағы және теңіздегі содырларды жою жұмыстарын жүргізді. Операцияға әскери-теңіз десанты мен әуе десанттары, шабуылдау эшелондары, мобилді-атыс тобы қатысты. Олардың әрекеттері зымыран-артиллериялық кемелермен, артиллериямен, армиялық және майдандық авиациямен қолдау тапты.

«Оқу-жаттығу жоспарын іске асыру барысы нақты жауынгерлік жағдайларға жақын моделденді. Қайта топтастыру және біріккен әскерлер тобын құру мәселелері пысықталды. Тактикалық эпизодтарды орындау кезінде әртүрлі қару-жарақ пен әскери техника қолданылды, авиация, әскери-теңіз күштерінің кемелері, артиллериялық есептоптар, әуе қорғанысының зениттік-зымырандық кешендері, броньды және инженерлік техника, ұшқышсыз ұшу аппараттары жұмылдырылды. Қарулы қактығысты оқшаулау жөніндегі бірлескен операция басқару органдарының үйлесімділігін, жауынгерлік әзірлікті және әскери контингенттер бөлімшелерінің жедел үйлесімділігін жетілдіруге бағытталды. Әскери қызметшілер бұл тапсырманы сәтті орындап, жауынгерлік жағдайдағы өзара іс-қимылдан оң тәжірибе жинақтады. Биыл құрлықта және теңізде өткізілген оқу-жаттығу тек ауқыммен ғана емес, сонымен қатар жеке құрамның кәсіби дайындық деңгейімен де ерекшеленді. Қатысушы елдердің әскери контингенттері бір сапта жауынгерлік міндеттерді келісіп әрі шебер орындауға дайын екендіктерін дәлелдеді. Бірлескен оқу-жаттығу өз мақсатына қол жеткізді және қойылған міндеттер толық көлемде орындалды деп есептеймін, – деп қорытындылады Қорғаныс министрі Руслан Жаксылыков.

Расында да, «Бірлестік-2024» оқу-жаттығуының мақсаты кәзіргі заманғы қарулы қактығыстардың тәжірибесін ескере отырып әзірленгені бірден аңғарылды. Әрі бұл көрші мемлекеттердің бір-біріне деген сенімге негізделген тығыз әрі достық қарым-қатынастарын нығайта түсті. Орталық Азия өңірінің төрт елі мен Әзербайжан Республикасы қарулы күштерінің әскери контингенттерін тарта отырып, мұндай оқу-жаттығу өткізу форматы алғаш рет қолданылып отыр. Бұл біздің мемлекеттеріміздің тату көршілік қатынастарды одан әрі кеңейтуге және нығайтуға, оның ішінде қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету деген ұмтылысын айғақтайды. Оқу-жаттығу әскерлердің әскери басқару органдарының үйлесімділік деңгейін арттырады және заңсыз қарулы құрылымдарды жоюға арналған оқу-жауынгерлік міндеттерді орындау кезінде қарулы күресті жүргізу тәсілдерін сынақтан өткізуге мүмкіндік берді. Мейман елдердің қорғаныс саласы басшылары да оқу-жаттығудың жоғары деңгейде өткенін атап өтіп, қатысушы елдер қарулы күштерінің ықтимал агрессиялық актілерді тойтаруға жауынгерлік әзірлігін нығайтуға қызмет ететініне сенім білдіріп отыр.



«ЖАСЫЛ ҚАЗАҚСТАН» ЖАҢҒЫРУ ҮСТІНДЕ

2021-2025 жылдарға арналған «Жасыл Қазақстан» ұлттық жобасы халық үшін қолайлы өмір сүру ортасын құруға, экологиялық жағдайды жақсартуға, сондай-ақ халықтың экологиялық санасын жаңғыртуға бағытталған. Биыл Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 10 маусымдағы Жарлығымен «Жасыл экономикаға көшу тұжырымдамасына» бірқатар өзгеріс енгізілді.

Жаңа өзгерістердің бір парасы суды үнемдейтін технологияларды кеңінен енгізу және антропогендік ағынды суларды терең тазарту туралы болып отыр. Бұл су ресурстарын пайдалануда тұрақтылықты қалыптастырып, таза су қоймаларының санын арттыруға ықпал ететін болады. Бірінші кезекте ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп қарастырылып отыр. Одан кейін қалдықтарды бөлек жинау жүйесін кеңінен енгізу, өндірістік және коммуналдық қалдықтарды қайта өңдеу мен қайта пайдалануды арттыру ұсынылып отыр. Бұл ретте Үкімет экологиялық мәдениет пен жауапкершілікті арттыру процесіне қоғам мен бизнесті қарқынды тартуды, бұқаралық экологиялық білім жүйесін енгізуді көздеуде. Сондай-ақ, еңбек нарығы жасыл және басқа жұмыс орындарынан тұратын болады. «Жасыл» жұмыс орындарын экологиялық тиімсіз жұмыс орындарынан ауысып келген, ішінара еңбек нарығына жаңадан келгендер білікті жастар және тағы да басқалар толтырмақ.

«Инвестициялық қажеттіліктер» бөлімшесі де өзгерістерге ұшырады. Тұжырымдаманы іске асыру үшін қажетті қосымша инвестициялардың жалпы көлемі қазірден бастап 2050 жылға дейін жыл сайын орта есеппен шамамен 15 миллиард долларды құрайтыны көрсетілген. Осы ретте «Қазақстан Республикасының жасыл экономикаға көшу тұжырымдамасы» 2050 жылға қарай жоспарланған өзгерістерге байланысты елдің жылдық Жалпы ішкі өнімі базалық сценариймен салыстырғанда төрттен бір есеге артады деп болжанып отыр. Алдын ала есептеулер бойынша, шараларды қабылдау инвестиция ағынын жандандырып, олардың елдегі Жалпы ішкі өнімдегі үлесін іске асыру фазаларына қарай 3-13%-ға арттырады. Сонымен қатар қарастырылған шараларды жүзеге асыру жылдық инвестиция көлемінің 2031-2040 жылдарға орта есеппен 7-8%-ға (10 жылда 235-270 млрд АҚШ доллары) және 2041-2050 жылдарға 14-15%-ға жоғары болуын қамтамасыз етеді.

Өнеркәсіп, құрылыс, энергетика және көлік салаларында да өзгерістер болады. Мұнда энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру принциптері бірінші орынға шықпақ. Бұл Жалпы ішкі өнімнің энергия сыйымдылығын төмендетеді. Отын-энергетика саласында көміртегі бейтараптығына көшу шаралары қарқынды енгізілетін



болады. Бұған қол жеткізу үшін жанартылатын энергия көздерін пайдалану үлесі артып келеді, көмірмен жұмыс істейтін электр қуатын өндіруді біртіндеп қысқартып отырып, көміртекті алу және сақтау (CCS) технологиялары әзірленуде.

Осылайша, еліміз «Жасыл Қазақстан» ұлттық жобасында көзделген 4 стратегиялық көрсеткішке бір табан жақындап келеді. Мәселен, 2025 жылға қарай халықтың экологиялық өмір сапасына қанағаттану деңгейін 80%-ға дейін қамтамасыз ету тың бастамалардың арқасында мүмкін болмақ. Ал ЖІӨ-дегі энергия сыйымдылығын 2015 жылғы деңгейден 2025 жылға қарай кемінде 20% төмендету межесі орындалу үстінде. Одан бөлек, Ұлттық жобаны іске асыру ауа ластану деңгейі жоғары 10 қаланың жағдайын жақсартуға ықпал етпек. Олар – Теміртау, Астана, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Өскемен, Қарағанды, Балқаш, Жезқазған және Шымкент қалалары. Осылайша, су нысандарын сауықтыру, ауаның ластану деңгейін төмендету, қалдықтарды басқару, биоауантүрлілікті сақтау, елді көгалдандыру, энергия тиімділігі, экологиялық білім және экологиялық мәдениетті арттыру міндерін орындауға «жасыл экономика» тұжырымдамасы да атсалыса бастады. Ал оның алғашқы нәтижелерін алқаға салар күн де жақындап келеді. Келесі жыл – Ұлттық жобаның соңғы жылы.

ӨНЕРКӘСІП ҚАРҚЫНДЫ ДАМЫП КЕЛЕДІ

Отандық өнеркәсіп биылғы бірінші жартыжылдықта даму қарқынын көрсетті. Мәселен, аталмыш кезеңде 40 жаңа өнеркәсіп іске қосылды. Көбі – машина жасау және тау-кен саласындағы жобалар. Оған 570 млрд теңге бөлінген. Нәтижесінде, 6,9 мың тұрақты жұмыс орны ашылып отыр.

Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің мәліметі бойынша, жыл соңына дейін 17,4 мыңға жуық тұрақты жұмыс орнын аша отырып, шамамен 1,4 трлн теңгеге 180-ге жуық жобаны іске қосу жоспарлануда. Оның ішінде Алматы облысындағы «Бұғыты» вольфрам кен орындарын өнеркәсіптік игеру жобасын атап өтуге болады. 135 млрд теңге инвестиция қарастырылып отырған бұл жоба бойынша 350 жұмыс орны ашылмақ. «Жетісу Вольфрамы» ЖШС жылына 3,3 млн тонна кен өндіруді және оны өңдеп, жылына 10 мың тонна концентрат алуды жоспарлап отыр. Кендеші WO3 концентраты 65%-ды құрайды. Сондай-ақ, Павлодар облысында Ekibastuz FerroAlloys ЖШС 800 жұмыс орнына арналған феррокорытпа зауытын салуды жоспарлап отыр. Инвестиция көлемі 92,4 млрд теңгені құрайтын өндірістік нысанның жобалық қуаты жылына 240 мың тонна ферросилицийді құрамақ. Қостанай облысында да шойын құю арқылы жүк автомобильдерінің компоненттерін шығаратын, жобалық қуаттылығы жылына 45 мың тонна болатын зауыт ашылмақ. KamLitKZ ЖШС онда 360 жұмыс орны ашылады, инвестиция көлемі 78,2 млрд теңге болады деп отыр. Тағы бір атап өтуге болатын жоба – Алматы облысындағы жылу окшаулағыш материалдар өндіретін «Техно-НИКОЛЬ-КАЗАХСТАН» ЖШС зауыты. 43,9 млрд теңге инвестиция құю қарастырылып отырған бұл зауытта 220 жұмыс орны ашылып, жылына 1,4 млн текше метр мақта тас және 400 мың текше метр полимерлі окшаулағыш шығарылмақ. Барлық жоба толық қуатына шыққанда, олардың өндіріс көлемі 1,8 трлн теңгеге жетеді деген болжам бар. Оның 1,4 трлн-ы ішкі нарықты қамтуға, қалған 0,4-і экспортқа жіберілмек.

Жалпы, биыл елімізде машина жасау саласында өндіріс көлемі артып, 814 млрд теңгеге жетіп отыр. Мәселен, жыл басынан бері барлық типтегі 62 435 автокөлік шығарылған, оның ішінде 57 055 жеңіл автокөлік, 1 090 автобус бар, қалғаны тіркемелер мен жартылай тіркемелер және тағы басқалар. Барлық автомобиль өнеркәсібі мекемелері ірі тораптық жинақтаудан ұсақ тораптық жинақтауға көшкен, автомобильдер мен кабиналарды дөнекерлеу және бояу жұмыстарында заманауи технологияларды қолдануда. Ұсақ тораптық әдіс жыл сайын 10%-ға артып келеді. Жеңіл автокөлік өндірісімен



СЕНАТОРЛАР АЙМАҚТАРДЫ АРАЛАДЫ

■ **Парламент депутаттары Президент бастамалары мен реформаларын халық арасында түсіндіру мақсатында елді мекендерге аттанған болатын.**

Сенатор Айгүл Қапбарова Шымкент қаласында қолжетімді тұрғын үй құрылысының барысымен танысты. Депутат жергілікті тұрғындармен кездескен кезде Мемлекет басшысы былтыр халықтың әлеуметтік осал топтарын қамтамасыз ету үшін қолжетімді несиеге берілетін тұрғын үй құрылысын ұлғайтуды тапсырғанын атап өтті. Кездесуде сонымен қатар мектеп салу және жеке меншіктегі пайдаланылмаған жерлерді қайтару мәселелері талқыланды. Сенатор жергілікті тұрғындардың өтініштері мен ұсыныстарын тыңдай келіп, айтылған барлық мәселе қарау және шара қабылдау үшін тиісті мемлекеттік органдарға берілетінін атап өтті.

Сенатор Қайрат Тастекеев Абай облысына жұмыс сапары барысында сот және прокуратура қызметкерлерімен кездесулер өткізді. Жүзесу барысында Парламент Сенатының жұмысы туралы хабарлар етті және Сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы конституциялық заңға жақында қабылданған негізгі өзгерістерге тоқталды. Сенатор қабылданған заңның мақсаты сот жүйесін одан әрі жетілдіру, судьялардың тәуелсіздігін күшейту, олардың тең мәртебесін қамтамасыз ету, әкімшілік қысымды жою, оларды сайлау тетіктерін жетілдіру, сондай-ақ Жоғары сот кеңесінің рөлі мен мәртебесін күшейту екенін атап өтті. Сенатор сот пен прокуратура қызметкерлерінің жұмысы қоғамдағы құқықтық тәртіп пен әділеттілікті қамтамасыз етеу шешуші рөл атқаратынын жеткізді.

Сенаторлар Әлібек Нәутиев пен Сағындық Лұқпанов Атырау облысындағы Жылыой ауданының Құлсары қаласында су тасқынының салдарын жою жұмысымен танысты. Депутаттар жергілікті атқарушы органдардың зардап шеккен тұрғындардың мәселелерін шешу жөнінде жүргізіп жатқан жұмысы туралы хабарлар болды. Қазіргі уақытта халықтың 60 пайызға жуығы ақшалай өтемақы алды. 1 367 тұрғынның жеке шотына тұрғын үй сатып алуға қаржы түскені туралы айтылды. Депутаттар Құлсары қаласындағы «Болашақ» шағынауданында болып, зардап шеккен халыққа арнап біркелкі жобамен салынып жатқан 100 тұрғын үй құрылысының барысымен танысты.

Сенат депутаттары Нурия Ниязова мен Жанна Асанова Алматы қалалық мәслихаты депутаттарымен және қоғамдық кеңесімен бірлесе отырып, халыққа қызмет көрсету кезінде қауіпсіздік қағидалары мен санитарлық-эпидемиологиялық ережелердің сақталуы тұрғысынан қаланың ойын-сауық парктерінің қызметін көріп шықты. Депутаттар келушілердің жағдайына, аттракциондардың жарамдылығы мен пайдаланылуына назар аударып, жабдықтардың техникалық регламентке сәйкес қауіпсіздік талабының сақталуына көз жеткізді. Байқаудың нәтижесі Парламенттің кезекті сессиясының басында Сенат депутаттарына балалар аттракционы жұмысының сапасын арттыру және балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында заң шығару қызметіне ұсынылатын болады.

Сенат депутаты Нұртөре Жүсіп «Окжетпес» емдеу-сауықтыру кеше-



нінің қызметімен танысты. Ол кітапхананың материалдық-техникалық базасы мен кітап қорын көрді, мекеме басшылығымен және қызметкерлерімен әңгімелесті. Сенатор еліміздегі медицина және емдеу-сауықтыру саласындағы реформалар туралы айтып берді. Ол медициналық қызметтердің сапасын арттыру, әлеуметтік кепілдіктерді жақсарту, сондай-ақ медицина қызметкерлерінің рөлі мен мәртебесін арттыруға бағытталғаны туралы мәліметтерге жан-жақты тоқталды. Сенатор оқырмандар сауатын арттыру мәселесіне баса назар аударды. Кездесу барысында мекеменің емдеу-сауықтыру мақсаты үшін қажетті жабдықтармен қамтамасыз етуге, емдеу ісіне білікті мамандарды тартуға және тағы басқа қатысты басқа да өзекті мәселе талқыланды.

Сенат депутаттары Наурызбай Байқадамов пен Руслан Рүстемов Қызылорда облысы Жалағаш аудандық полиция бөлімінің жеке құрамымен кездесті. Қоғамдық тәртіпті нығайтудың өзекті мәселелері жүздесудің басты тақырыбы болды. Сенаторлар шара барысында балалардың қауіпсіздігі, отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық, қоғамдық тәртіпті сақтау, вандализмге жауапкершілікті қатаңдату мәселелері бойынша қабылданған заңдардың ережелерін түсіндірді. Олар сондай-ақ полиция бөлімінің құқықбұзушылықтың алдын алу жөніндегі жұмысымен танысты. Сенаторлар Жалағаш ауылында орналасқан 130 орын-

лысына сапар барысында Ескелді ауданындағы ирригациялық жүйенің жағдайымен танысып, шаруа қожалықтарының өкілдерімен кездесті. Жүздесуде 450 шаруа қожалығы мен 13 мың гектар суармалы жерді сумен қамтамасыз етуге арналған, 1976 жылы пайдалануға берілген су қоймасы күрделі жөндеуді қажет ететіндігі туралы айтылды. Қаржының жеткіліксіздігіне байланысты нысан ауыр жағдайды бастан кешіп отыр. Депутаттар Сарыөзек-Көктал автомобиль жолындағы жөндеу жұмысымен де танысты. Мұнда биылғы жылдың соңына дейін 23 шақырымды аяқтау жоспарлануда, ал қалған 62 шақырымы 2025 жылдың соңына дейін пайдалануға берілетін болады. Сенат депутаттары осыған дейін Үкіметтің атына өңірдегі автожолдардың жай-күйіне қатысты тиісті депутаттық сауал жолдаған болатын. Сондай-ақ мемлекеттік органдардың өкілдерімен және жол-құрылыс саласының мамандарымен де кездесу өткізді.

Сенатор Андрей Лукин Астана қаласы Есіл аудандық әкімдігінің қызметкерлерімен кездесті. Кездесуде халықтың тұрмыс жағдайын жақсарту және мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру жөніндегі негізгі әлеуметтік мәселелер талқыланды. Жаңа құрылыс алаңдары мен жеке дара құрылыстарға және «Жайлы мектеп» бағдарламасы бойынша салынатын мектеп құрылысына ерекше назар аударылды. Халықтың әлсіз топтарына әлеуметтік



дық «Жас қыран» балабақшасында да болды. Балабақша қызметкерлері сенаторларға білім беру саласын жетілдіру туралы ұсыныстарын айтып, білім беру бастамаларын қолдау мен балалар мекемелерін дамыту туралы айтты. Сенаторлар ұсынылған бастамалардың маңызына назар аударды және олардың заңнамалық деңгейде іске асуына ықпал ететінін жеткізді.

Сенаторлар Жанболат Жөргенбаев пен Амангелді Толамисов Жетісу об-

лысындағы Жетісу облысындағы Панфилов ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуымен танысты. Депутат «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында салынып жатқан 1 200 орындық мектеп құрылысында да болды. Жүздесуде қазір монолит құю жұмыстары аяқталғанын, ішкі әрлеу, электр сымдарын монтаждау, терезе мен сыртқы қоршауларды орнату жүргізіліп жатқаны, сондай-ақ газ қазандығын салу жоспарланып отырғаны туралы айтылды. Сенатор құрылысты уақтылы аяқтау мен жұмысты жоғары сапада атқару қажеттігін атап өтті. Депутат сондай-ақ транзит және логистика саласы бойынша инновациялық жобалар жүзеге асып жатқан «Қорғас — Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағының қызметімен де танысты. Сенатор іске асып жатқан жобалардың өңір экономикасына қосатын елеулі үлесін атап өтіп, олардың одан әрі дамуына сенім білдірді.



■ **Қоғамның біріктіруші күші – патриотизм. Адам патриот болып тумайды, патриот болып қалыптасады. Патриоттық сезім ел болашағының тізгінін ұстайтын жас ұрпаққа сапалы білім арқылы беріледі. «Патриот болу» ұғымына әркім өзінше анықтама береді. Ал тыныштық орнаған бейбіт заманның ұландары патриотизмді қалай түсінеді? Патриот деп кімдерді айтамыз? Мемлекет тарапынан патриоттықты дамыту бағытында қандай келелі шаралар атқарылып жатыр? Бұл жайында тарихшы Темірғали Аршабековпен сұхбаттасқан едік.**



Темірғали АРШАБЕКОВ,
тарихшы:

ПАТРИОТИЗМ АУЫЗБІРШІЛІККЕ БАСТАЙДЫ

— Темірғали аға, қазір жаһандану заманында ұлттық құндылықтарды көпке танытып, оны әлем алдына шығаруда патриотизмнің атқарар рөлі ерекше. Бүгінгі күні біз патриотизмді қалай түсініп жүрміз және ол қай салаларда айқын көрінуі мүмкін?

— Патриотизм — қасиетті, қадірлі ұғым. Қазір жаһандану заманында өмір сүріп жатырмыз. Ол деген ғылыми-техникалық жетістіктеріміздің көп болуы деген сөз емес. Керісінше, бұл дәуір адамның ішкі рухына дүниесінде еліне, халқына деген құрмет бөрінен үстем болуын талап етеді. Бүгінгі елдерді мысал етіп қарастырайық. Америкалықтардың, жапондардың атын естігенде өздерінің имиджін толық қалыптастырып үлгерген ел екенін аңғарамыз. Неге? Қоғамы өзі үшін емес, елінің болашағы үшін қызмет етеді. Этнология ғылымында этнос және ұлт деген ұғым бар. Біздің этностық белгілерімізге тіліміз, мәдениетіміз, тәуелсіз жеріміздің болуы жатады. Ал ұлттық белгі ретінде соларды сақтап қалу үшін патриоттық сезімнің болуын айтамыз. Әрбір азамат өз елінің патриоты болуы міндетті. Патриоттық сезім әр салада бар. Мейлі спорт, мейлі мәдениет болсын. Әлемге Қазақстан атын паш етіп жүрген Димаш елдің ғана емес, әлемнің жұлдызына айналды. Менің ойымша, оның бойындағы еліне деген құрметі осы күнге жеткізді. Әр концертінде қазақтың ұлттық аспабын ала шығады.

Ал спорттық ойындарда патриотизмнің ерекше белгілері айқын көрінеді. Ерекше деуімнің себебі бар. Бір елдің намысын қорғайтын спортшылардың артында қаншама жанкүйер тұр. Олардың қолдауының өзі патриоттық сезімді білдірмей ме? Қазір өтіп жатқан Париж олимпиадасында әр қазақ өз елінің ұландарына қандай қолдау көрсетіп, жанкүйер болып отыр. Бір қазақтың жеңісіне ортақтасып, бірге қуану — нағыз патриоттық сезімнің бір бөлігі ғана. Әлем алдында көк Туымыз көтерілгенде әрқайсымыздың рухымыз асқақтайтыны жасырын емес.

— Қазақ тарихында патриотизм қандай сипатта болды? Тәуелсіздіктен кейін ше?

— Қазақ тарихының басында патриотизм деген ұғым жеке қаралып, зерттелген жоқ. Бұл — кейінгі Кеңес дәуірі кезінде пайда болған ұғым. Бірақ жеке термин ретінде анықтамаға ие болмаса да, қазақ хандарының ел мен жер үшін еткен еңбегі, майданда қан төгіп соғысқандарынан артық тарихымызда қандай патриоттық болуы мүмкін. Осындай майдангерлердің ішінде соңғысы Бауыржан Момышұлының бір өзінің бойындағы патриоттық сезімі сыртқа көрініп тұрды әрі кейінгі ұрпаққа үлгі болып қалды.

Енді тәуелсіздіктен кейін патриотизмнің негізгі сипатына оралайық. Бұл бүгінге дейін көбіне рухты әндер арқылы, жаңағы айтқанымдай, әр саладағы жетістіктер арқылы көрініс тауып келе жатыр. Шын мәнінде, адам бойындағы патриоттық сана-сезім тек тәрбие арқылы қалыптасады. Өкінішке қарай, қазір ақпарат ағыны да жедел қарқынмен таралып жатқандықтан, мәдениетімізге жат дүниелер оңай сіңіп жатыр. Міне, солармен күресетін адам, ұлтына тән құндылықтарды сақтауға

тырысатын адам — бүгінгі күннің патриоты. Мемлекетті адамдар құрайды, дегенмен бір мүддеге түйістіретін патриотизм қасиеті болмаса, азаматтардың бірігуі, ауызбіршілікке келуі қиын-ақ. Айтпағым — тұтастық жайы, осы тұста бәріне ортақ тіл, діни сенім, салт-дәстүр қажет. Себебі патриотизм жоқ жерде мемлекет ыдырап кететіні анық. Тарихтан, дәстүр мен сенімнен, мемлекет бірлігінен қуат алған халық елдің құраушы күші болып қала береді.

— Патриотизмнің қазіргі заманауи көріністері қандай?

— «Патриот болу» дегенде қолға қару алып, «аттан» деп шабуыл ғана, не болмаса Отан алдындағы борышын әскерде өтегендер деп қана түсіну үлкен қателік. Біз айтып отырған осындай патриотизмнің де түрлері бар. Мысалы, қазір бейбіт заман десекте, түрлі жағдайға басын қатерге тігіп жүргендер жоқ емес. Қуә болып жүрміз, небір тілсіз жаудан құтқарып қалған батырлар да жетерлік. Оны адамгершілік борышы, яғни «адамгершілік патриотизм» деп түсінгеніміз дұрыс шығар. Ал мемлекте патриот болу — әр адамның алдында тұрған міндеті. Оны қалай айқындай аламыз? Бұл кез келген адамның өз ісіне жауаптылығынан басталады. Иә, бұл суға тамған тамшыдай болуы мүмкін, бірақ қосар үлесі зор.

— Білім беру жүйесінде патриоттық тәрбие қалай көрініс тауып жатыр?


— Жастарды патриотизмге тәрбиелеу жайына келгенде, әскери борышын өтеу мәселесін алып қарайтынымыз рас. Одан бөлек, қоғамның әр мүшесіне патриоттық сезімді ұялату мектеп қабырғасынан, тіпті оған дейін отбасынан басталуы керек деп ойлаймын. Өзім білетін көп білім ордасында кітап оқулықтарына патриотизм тақырыбы енгенімен, әлі күнге дейін сабақ үзілістерінде Кеңестік кездегі мектептерде ойналған қонырау дауыстары тұр. Барлық жерде емес, әрине. Патриотизм қалыптасады деп жатырмыз, оны баланың жас кезінен бастап бойына сіңіруіміз керек. Сондықтан осындай қонырау орнын халық әндерінің үзінділерімен ауыстырса, тыңдап өскен бала ертеңгі күні міндетті түрде рухани байып, жүрегі «елім, жерім» деп соғатын ер жігіт болып өсетініне сенемін.

— Патриоттық сезімдерді насихаттауда елімізде қандай ауқымды шаралар жүзеге асырылып жатыр деп айта аласыз?

— Әрине, күнтізбеде патриотизмді насихаттайтын арнайы бір күн болмағанымен, мереке көп. Атап айтқанда, 7 мамыр — Отан қорғаушы күні, одан әрі Жеңіс күні бар. Республика, Тәуелсіздік күндерін де естен шығармағанымыз жөн. Бұл күндер жеріміздің қаншалықты қымбат екенін, тәуелсіздігіміздің оңайлықпен келмегенін және ата-баба ерлігін әсте ұмытпауымызға себеп болып отыр. Бұдан кейін өскелең жас ұрпақтың бойында Отанына деген сүйіспеншілік қалай болмасын?! Осындай атаулы күндердің бәрі жас ұрпақтың бойында халқына, еліне деген патриоттық сезімінің пайда болуына, әрі қарай хандануына ықпалын тигізбесе зияны жоқ.

— Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ



ТҮТІНСІЗ КӨЛІККЕ – ТЕГІН ТҰРАҚ

(Басы 1-бетте)

Айхан ШӘРІП

КВОТА ТОЛЫҚ ПАЙДАЛАНЫЛМАЙДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 2024 жылғы 18 шілде де «Кейбір заңнамалық актілерге көлік және электромобильдерге арналған инфрақұрылымды дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» негізгі заңына және «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ілеспе заңына қол қойды. Бірақ бұл қос заң күшіне енген жоқ. Олардағы қаптаған жанажылдыққа Үкімет, әкімдіктер, жауапты құрылымдар лайықты дайындалуы, қажетті нормативтік құқықтық актілер әзірлеп, қабылдауы үшін өтпелі кезең бекітілді. Соған сәйкес, бұл заңдар алғашқы ресми жарияланған күнінен күнтізбелік 60 күн өткенде, яғни 18 қыркүйектен соң қолданысқа енгізіледі.

Жалпы, Қазақстанда электромобильдерге бұған дейін де қомақты жеңілдіктер берілген. Енді оған жаңа заңдардағы жаңа артықшылықтар үстемеленіп, көліктің бұл түрін барынша тартымды етуге тиіс.

Мысалы, қазір электрмен жүретін көліктерді елімізге әкелгенде оның иесі кедендік баж төлемейді. Электромобильдерді бажсыз әкелу мерзімі 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін ұзартылды. Қырғыз республикасының бастамасымен 2023 жылғы 24 қарашада Еуразиялық одақтың жоғарғы органы — Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесі №134 нөмірмен осындай шешім қабылдады.

«Бұл ретте азаматтар электрлі қозғалтқышы бар көлік құралдарын Қазақстан территориясына әкелгенде, жылына 1 рет қана кедендік әкелу бажын төлеуден босатыла алады. Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесінің шешімі бойынша ЕАЭО аумағында кедендік баждан босату жеңілдігін Қазақстанда, Арменияда, Беларусьте, Қырғызстанда тұрақты тұратын азаматтар ғана пайдалана алады», — деп түсіндірді Астана қаласы бойынша мемлекеттік кірістер департаменті. Ресей электромобильдерге жеңілдік жасаудан біржақты түрде бас тартты.



Ведомствонын түсіндіруінше, Еуразиялық одақ кедендік бажын төлемей, Қазақстанға әкелуге болатын электрокарлардың санын қатаң шектейді. Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесінің шешіміне сәйкес, 2023 жылы электромобильдерді жеңілдікпен әкелуге берілген рұқсат 15 мың электромобиль бірлігін құрады. 2024 жылға да республикамызға 15 мыңдық квота берілді.

Ал Бас көлік прокуратурасы автомобильдерді елімізге кедендік бажсыз және салық төлеусіз әкелудің басты шарттарын қазақстандықтардың есіне салды. Ол жеке мақсатта ғана қолданылуы тиіс және кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға пайдаланылмауы керек.

Бұған қоса, сол электромобильді кедендік тазалаудан бастап, 3 жыл өткенше Ресей азаматына немесе РФ-та тұрақты тұратын адамға сатуға да, тұрақты пайдалануына беруге де болмайды.

«Алайда талдау барысында жеке пайдалану мақсатында деп рәсімделген электромобильдерді әрі қарай қайта сату фактілері өшкереленді. Соның ішінде 2023 жылы 8 автосалон саудаға қойған электромобильдерді жеке мақсатта пайдалану үшін деп көрсеткен. Бір ғана Алматыда көлік прокурорлары қайта сатудың 34 нышанын анықтады. Салдарынан мемлекетке келуі мүмкін залал 100 миллион теңгеден асты. Мұндай жағдайлар бюджетке түспей қалған баж алымы, салықтар түріндегі шығын сыртында, адал емес бәсекелестікке жағдай жасайды. Бұл адал бизнесті банкроттыққа соқтырады», — деді Бас көлік прокуратурасының баспасөз қызметі.

Қалай болғанда, қазақстандықтар шектеулі 15 мыңдық квотаны да толыққанды пайдаланбайды. Былтыр отандастар 7,5 мыңдай электромобиль әкеліп, тіркеткен.

ЖАҢА ЗАҢ КАНДАЙ ЖАҢАЛЫҚ ӘКЕЛМЕК?

Өмірге жолдама алғалы тұрған «көлік және электромобильдерге арналған инфрақұрылымды дамыту мәселелері бойынша» жаңа заң Парламентте үлкен пікірталас туғызды. Мысалы, бір топ депутат елдегі электромобилизация қарқынын арттыру үшін осы көліктерді ақылы автотұрақтарға тегін қою бойынша преференция беретін бапты енгізді. Бұл ұсынысқа Президенттің іс басқармасы жанындағы Парламентаризм институты теріс қорытынды берді.

«Кәсіпкерлік кодексінің нормаларына депутаттар ұсынып отырған түзетулерге назар салайық. Заң жобасымен «Жол жүрісі туралы» заңының 42-1-бабының 4-тармағының үшінші бөлігін толықтырып, электромобильдердің меншік иелеріне орынтұраққа ақысыз қою құқығын беру көзделген. Біз мұндай басым жағдайды «автокөлік иелері арасындағы теңдік қағидатын бұзу» деп санаймыз! Қазақстан конституциясының 14-бабының 1-тармағына сәйкес «Барлығы заң мен сот алдында тең». Осыған байланысты жобаның бұл нормасы, біздің ойымызша, ел конституциясының нормасына қайшы келеді», — деді Парламентаризм институтының мамандары.

Бірақ соңғы сөз Мәжілісте болатын: Ата Заңға енгізілген өзгерістерге сәйкес, Парламенттің төменгі палатасының құзыры күшейтілді.

«Бұл түзету электромобильдерді және электр қозғалтқыштары бар гибриді көлік құралдарын ақылы тұраққа ақы төлеуден босату жолымен электромобильдерді пайдалануға жағдай жасау мақсатында енгізілді. Сондай-ақ коммуналдық, ақылы автотұрақтарда паркінгтерде тегін тұрақ орындарын беруге қа-

тысты нормалар көзделген», — деп табандады Мәжіліс.

Нәтижесінде, депутаттардың бастамасы өтіп, заң болып қабылданды. Жаңа заңмен қолданыстағы «Жол жүрісі туралы» заңының 42-1-бабының 4-тармағы келесі мазмұндағы екінші және үшінші бөліктермен толықтырылды: «Тиісті растаушы құжаттың негізінде электромобильдер иелерінің көлік құралдары тұрған уақытын есептеуге арналған сертификатталған арнайы құрылғылармен жабдықталған орынтұрақтарды пайдаланғаны үшін төлемәкыдан босатылады».

Қыркүйекте күшіне енетін қос жаңа заңның игіліктері жетерлік. Оған сәйкес біріншіден, мемлекет бұдан былай жолдарды жобалағанда міндетті түрде электрмен қуаттау стансаларын орналастыруға жеке орын бөлуі қажет. Тиісінше, қуаттау стансалары заң жүзінде «жол бойындағы сервис объектілері» қатарына жатқызылды.



*Жүргізушілер арнайы
мотор майына, жағармайға шығындалмайды.
Электрокарларға қызмет ету әлдеқайда оңай,
арзанырақ көрінеді. Салон ішінде шудың,
діріл-вибрацияның сезілмейтіні де —
жанға ләззат! Электромобильдердің «қойнауында»
бір-біріне сүйкеніп, үйкелетін бөлшектері
мейлінше аз.*



Екіншіден, әкімдіктер әзірлейтін аумақтарды егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларында елді мекенде, қалаларда электрмен қуаттау стансаларын орналастыру үшін жер учаскелері резервтелуге тиіс.

Үшіншіден, әкімдіктерге тұрғын үй кешендерінде және қоғамдық орындарда электрокарларды қуаттау стансаларын жабдықтауды қамтамасыз ету жүктелмек.

Төртіншіден, электромобильдер қожайындары көшедегі ақы жиналатын автотұрақтарда орынтұрақ үшін ақы төлеуден босатылады.

Бесіншіден, электрмен қуаттау стансаларында, тиісті жабдық орнатылған жерде көлігін тастап кетіп, электромобильдерге кедергі келтірген жүргізушілерге айыппұл салынады. Яғни, осы арқылы электрмен қозғалатын көлік иелерінің мүдделерін мемлекет қорғайды.

Алтыншыдан, қуаттау стансаларын орнатқысы келетін кәсіпкерлерге әкімдіктер тегін жер беруі керек: жер учаскелерін және ортақ пайдаланымдағы жерлерді уақытша пайдалануға ұсынады.

Жетіншіден, электрмен қуаттау стансаларының қауіпсіз жұмыс істеуіне, электр энергиясына қосылуға және тұтынуға қатысты талаптар белгіленеді. Ондай талаптар болмағандықтан, төтенше жағдайлар органдары тұрғын үй кешендерінің ішіндегі паркінгтерде, жабық автотұрақтарда қуаттау орындарын жабдықтауға рұқсат етпей қойған. Сегізіншіден, жаңа заңда электр желілеріне өз бетінше қо-

сылуға тыйым салынды. Өйткені депутаттардың айтуынша, кейбір азамат бағанадан қосылып, көлікті қуаттау орындарын заңсыз жабдыктайтын көрінеді.

ОҢ-ТЕРІСПІН БАҒАМДАСАҚ...

Тәжірибелі жүргізуші, кәсіпкер Нұржан Қаптағев Zeekr X қытайлық электромобиль-кроссоверін тандапты. Бірақ еліміздің климаты катал, қысы аязды болғандықтан оны екінші көлік ретінде қолданады.

— Электромобиль сатып алуды мемлекет барынша тиімді ете түсті. Оларды елге әкелгенде кедендік баж төлемін төлемейсіз. Мұны бір деңіз. Екіншіден, оған утилизациялық алым да алынбайды: нөлдік коэффициент қолданылады. Үшіншіден, көлікті мемлекеттік тіркеу ақысы да өте аз. Мысалы, жаңа автокөлігімді мемлекеттік тіркеу үшін 900 теңгедей ғана төледім. Төртіншіден, электромобильдерге жыл сайын көлік салығы есептелмейді, оны төлемейсіз. Дегенмен көліктің бұл түрінің бірқатар кемшілігі Қазақстан халқының оған жаппай көшуіне кедергі болып тұр, — деді Нұржан.

Оның айтуынша, бензинмен, дизельмен жүретін көліктерге қарағанда, электрокарлардың біразартықшылығы бар. Нақтылағанда, Қазақстанда бензинге қарағанда, электр қуаты бәрібір арзандау.

Мұның сыртында, электромобильдердің қозғалтқышында көмірсутек отыны жанбайтындықтан, ол зиянды шығарынды шығармайды деп есептеледі. Қоршаған ортаның қамын ойлаған, экологияға жанашыр адам үшін бұл — басымдық әрі маңызды фактор болса керек.

Бұдан бөлек, электр қозғалтқышының сипаттамасы, тиімділігі де оңтайлы көрінеді. Оған беріліс қорабы қажет емес. Заманауи электрмоторлардың пайдалы әрекет коэффициенті жоғары — 90%-дан асады. Отынмен

қозғалатын бірде-бір көлік мұндай ПӘК-ке жете алмайтыны айтылды.

Жүргізушілер арнайы мотор майына, жағармайға шығындалмайды. Электрокарларға қызмет ету әлдеқайда оңай, арзанырақ көрінеді. Салон ішінде шудың, діріл-вибрацияның сезілмейтіні де — жанға ләззат! Электромобильдердің «қойнауында» бір-біріне сүйкеніп, үйкелетін бөлшектері мейлінше аз.

Сарапшы электрлі көліктердің кең таралуына кедергі болған кемшіліктерін атады. Ең бастысы — жүріс қашықтығының шектеулілігі. Электрмоторлардың бір қуаттауы қала ішінде орта есеппен 200 шақырымдай ғана жүруге жетеді екен. Және бұл климаттық жағдай қолайлы болса. Күн суыса, үскірік аяз, ақырған боран үстемдік құрса, батареясы тез отырып, жүріс қашықтығы күрт кемиді, алысқа ұзай алмай қалуы мүмкін. Сондай-ақ салон ішін жылыту үшін де энергия шығындалатынын ұмытпаған жөн.

АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕНДІ ДАМУЫ – ҚУАТТЫ ЖОБА



■ Бүгінде еліміз ауыл шаруашылығы са-
ласын дамытудың кешенді шараларын
қабылдап, қазынадан жеткілікті түрде қар-
жы да аударып жатыр. Саланы құлдырат-
пай сақтап қалу, агроөнеркәсіптік кешенді
дамыту өзекті мәселеге айналды. Прези-
дент Қасым-Жомарт Тоқаев ауыл мен
агроөнеркәсіптік кешенді дамыту мәселе-
лері жөніндегі кеңесте ауыл халқының
85 пайызы тұратын тірек ауылдарды
дамыту қажет екендігін атап өткен бо-
латын. Тірек ауылдарды дамыту үшін
тізімге енген елді мекендерді алдымен
инфрақұрылыммен, жолмен, қолжетімді
байланыспен, интернетпен, қамтамасыз
ету қажет. Сонымен бірге ауыл халқы үшін
заман үрдісінен қалдырмайтын білім,
мәдениет және спорт нысандары да қол-
жетімді болғаны абзал.

Ауыл шаруашылығы министрлігі агроөнеркәсіптік
кешенді дамытудың 2024-2028 жылдарға арналған
ұлттық жобасын «Қуатты АӨК» деп атап, іске кірісіп
кеткенін баяндады.

Жобаның басты мақсаты да ауқымды. Ерекше
меже – ауыл шаруашылығы бойынша жалпы өнімінің
көлемін екі есеге, яғни 17 трлн теңгеге жеткізу. Ал
бұл ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспортын 10
млрд долларға (4,4 трлн теңге) дейін арттыруға
мүмкіндік береді деп күтілуде. Әсіресе, қапталдағы
Ресейдің бәсекелестігін әлсірете отырып, отандық
өнімдердің сапасын мен санын өсіру – меженің бір
бағыты. Айдарбек Сапаров бас болған министрлік-
тің мақсатты жұмысына қарағанда, бұл меже әбден
зерделенген сияқты.

«Ұлттық жобада 5 жылға көктемгі егіс және егін
жинау жұмыстарын жеңілдетілген несиелендіруге,
ауыл шаруашылығы техникасының жеңілдетілген
лизингіне, сондай-ақ агроөнеркәсіптік кешен са-
ласындағы инвестициялық жобаларды іске асыруға
бағытталатын 10,5 трлн теңге қайтарымды қаражат

көзделген. Бұдан басқа, Мемлекет басшысының
АӨК-ні мемлекеттік қолдау көлемін 2 есеге ұлғай-
ту жөніндегі тапсырмасын іске асыру мақсатында
Ұлттық жобада субидиялау көлемін 2024-2028
жылдар аралығында 432,9 млрд теңгеден 882,5 млрд
теңгеге дейін ұлғайту көзделген», — деп хабарлады
АШМ.

Сондай-ақ Ұлттық жобаның іс-шараларын
жүзеге асыру 5 жылдығы ішінде 3,8 трлн теңге
мөлшерінде бюджеттен тыс қаражат тартылатын
болады.

АШМ-де ұлттық жоба екі міндетті көздейтінін
түсіндірді: біріншісі — егіс алқаптарының құрылы-
мын жеделдетіп әртараптандыру болса, екіншісі —
агротехнологияларды енгізуді ынталандыру, сон-
дай-ақ АӨК-де басым инвестициялық жобаларды
іске асыру. Бұл бағытта қосымша тағы бірнеше жоба
жолға қойылған. Айталық, ауыл шаруашылығы
жалпы өнімінің көлемін 2028 жылы 2 есеге, 17 трлн
теңгеге дейін ұлғайту; ауыл шаруашылығы техни-
касын жылына 8–10%-ға дейін жанарту; енбек
өнімділігін 2 есе, 9,1 млн теңгеге дейін арттыру;
АӨК өнімдерінің экспортын 2 есеге, 10 млрд-қа
дейін ұлғайту; ауыл шаруашылығына инвестиция-
лар ағынын 3,3 есеге, 3,2 трлн теңгеге дейін ұлғай-
ту; өңделген ауыл шаруашылығы өнімдерінің (сүт,
ет, майлы дақылдар, күріш, жүгері, қарақұмық)
үлесін 70%-ға дейін ұлғайту; отандық өндіріс есебі-
нен импортқа тәуелді азық-түлік тауарлары бойын-
ша өзін-өзі қамтамасыз ету.

Жалпы, ұлттық жоба жоспарлағандай болса,
ел мен жұрт өзгенін емес, өзіміздің ауылшаруа-
шылық тауарларымызды еркін қолданатын түрі
бар. Тіпті, отандық өнімнің үлесі артып баға
тұрақтанбақ. Ел импорт пен азық-түлік бағасының
ауытқып кете беретін айнымалылығынан ада
болып, ұлттық өнімнің үлес салмағы артады.
Сарапшылар қыруар қаржы бөлініп отырған үлкен
бастама нәтижелі болады деген сеніммен отыр.
Тек сарапшылар ғана емес, жалпы халықтың ті-
легі — осы.



АУЫЛДЫ КӨРКЕЙТУДІ КӨЗДЕЙДІ

■ «Ауыл аманаты» – Президенттің сай-
лауалды бағдарламасына енгізілген бас-
ты бағыттардың бірі. Үкімет бүкіл Қазақ-
стан бойынша «AMANAT» партиясымен
бірлесіп, ауыл тұрғындарының әл-ауқатын
жақсартуға және ауыл халқының басын-
дағы кейбір ауыртпашылықтарды жедел
шешуге мүмкіндік беретін жобаны іске
қосқан болатын. Бұл жоба елдің еңсесін
тіктей түсуіне жол ашып берді деуге негіз
бар.

Елімізде ауқымды жобаны бірінші болып қа-
былдаған Ақтөбе облысы болды. Бүгінде қарқынды
түрде іске асырылып, жаппай жүргізіліп жатқан
шаруа 2019 жылы Жамбыл облысында пилоттық
режимде сәтті сыналған болатын.

Жобаны іске асыруға 2023 жылы республикалық
бюджеттен 52,4 млрд теңге бөлінді. Мұның ішінде
11 мыңнан астам шағын несие беру көзделген. Бұл
ретте әкімдіктер қазіргі уақытта қаражатқа қосым-
ша қажеттілікті анықтау үшін ауылдық округтерге
скрининг жүргізіп, бар мүмкіндікті қарастыруда.

Одан бөлек, «AMANAT» партиясы жанынан
азаматтар мен әкімдерді әдіснамалық сүйемелдеу,
оқыту, өтінімдерді қабылдау және қаражатты бөлу
процесінің мониторингін қамтамасыз ететін жоба-
лық кеңселер де ашылып, белсенді түрде іске кірісіп,
отыр.

Атап айтатын болсақ, өтінім берген азаматтарға
берілетін шағын несие мерзімі 5 жылға дейін болса,
мал шаруашылығына байланысты жобалар үшін 7
жыл мерзім қарастырылған. Ал шағын несиенің ең
жоғарғы сомасы — ауылдық елді мекендер мен шағын
қалаларда 2,5 АЕК, яғни (8,6 млн теңге) болса, шағын
және орта шаруа (фермерлік) қожалықтар мен ауыл
шаруашылығы кооперативтері үшін 8 мың АЕК (27,6
млн теңге) көлемінде беріледі.

Кәсібін ашып, шаруасын дөңгелетіп әкеткісі
келетін кез келген тұрғыннан талап етілетін ең
бірінші құжат — жеке кәсіпкер ретінде тіркеуде
болуы. Одан кейінгілері әдеттегі құжаттар десе де
болады.

«Бұл — біздің ауылдарды көтеруге мүмкіндік
беретін нақты қадамдар. Жобаны пилоттық іске
қосу қорытындысы бойынша Жамбыл облысының
11 ауылдық округінде ауылдардағы орташа айлық
табыс 1,7 есе өсті, атаулы әлеуметтік көмек алушы-
лар саны 3 есе азайды, жұмыссыздық деңгейі 36%-
ға төмендеді. «AMANAT» партиясы мен үкіметтің
міндеті — «Ауыл аманаты» жобасының ауқымын
кеңейту. Жобаның барлық артықшылықтары тура-
лы халықты дұрыс ақпараттандыру маңызды», —
дейді «AMANAT» партиясының төрағасы Ерлан
Қошанов.

Бір ескеретін жағдай, микрокредиттер төмен-
дегідей мақсаттар үшін берілмейді. Себебі банктер-
ден несие алып оны кез келген бағытта жұмсап
үйренген халық үшін «Ауыл аманаты» жобасы
бойынша берілген несиенің әр теңгесі бақылауда
екенін айтқан абзал. Айталық, несие алған соң оған
жеңіл автокөлік сатып алуға, ауыл шаруашылығы
жануарларын жақын туыстарынан сатып алу, кейін-
нен жалға беру үшін ғимараттарды, үй-жайларды,
тұрғын үйлерді сатып алуға немесе салуға болмайды.
Егер талаптар орындалмаған жағдайда заң жүзінде
қатаң шаралар көзделген.

Жалпы алғанда, шағын несиелеу бағдарламасы
ауыл тұрғындарын негізінен мал шаруашылығының
дамуы қызықтырады — бұл салаға 79% немесе 65,1
млрд теңге тиесілі екен. Бұл туралы Ауыл шаруа-
шылығы вице-министрі Ербол Тасжүреков ОКҚ-да
өткен «Ауыл аманаты» бағдарламасын жүзеге асы-
ру туралы» тақырыбында өткен дөңгелек үстел
барысында баяндады. Оның айтуынша, ауыл ша-
руашылығы кооперациясын дамытуға ерекше көңіл
бөлінді — бүгінде 6,2 млрд теңгеге 299 кооператив
қаржыландырылуда.

Айта кететін тағы бір жағдай, бағдарламаны іске
асыруға 2024 жылы 100 млрд теңге пайдаланылған.
Қаражат жетіспеген жағдайда облыс әкімдіктері
жергілікті бюджет қаражатынан шағын несиелен-
діруге қосымша қаражат бөлу мүмкіндігіне ие бо-
лады. Бұл ауыл мен шағын қалалардың тұрғындарын
несиелендірумен қамтуды ұлғайтуға барынша
мүмкіндік бермек.

ЖЕР – ХАЛЫҚТЫҢ ИГІЛІГІ

■ Елімізде жер қатынастарына
қатысты мәселенің қозғалғаны-
на бірнеше жылдың жүзі болды.
Бұл мәселе мемлекеттік дең-
гейде көтеріліп, бірқатар заң
өзгертіліп, ережелер бекітілді.
Нәтижесі де жаман емес. Ел көл-
емінде сан мыңдаған гектар
алқаптар жекенің меншігінен
мемлекеттің құзырына өтті.
Мұндай ауқымды істің басы-
қасында білікті мамандардың
бар екенін баса айтқан абзал.

Жуырда ғана Премьер-Министр орын-
басары Серік Жұманғариннің төрағалығымен
«Пайдаланылмайтын және Қазақстан
Республикасының заңнамасын бұза оты-
рып берілген жерлерді алып қою» жөнін-
дегі жұмыс комиссиясының 14-отырысы
өткен болатын. Отырыс барысында ви-
це-премьер, жер қатынастары саласындағы
өзекті мәселелерді сапалы және уақытылы
орындау уәкілетті органдардың басты
назарында болу керек екенін атап өтті.
Мемлекет үшін маңызды бастама Прези-
дент Қасым-Жомарт Тоқаевтың жіті на-
зарында болып отыр. Мысалы, 2022
жылдан бері қарайғы уақыт аралығында
барлығы 11 млн гектардан астам жер еш-
кімнің қажетіне жарамай бос жатқан.
Пайдаланылмаған және Қазақстан Респу-
бликасы заңнамасын бұза отырып өзгеге
берілген жерлер мемлекет меншігіне
лек-легімен қайтарылып жатыр. Бұл ту-
ралы Жер ресурстарын басқару комитетінің
төрағасы — Қазақстан Республикасының
Жерді пайдалану мен қорғау жөніндегі
Бас мемлекеттік инспекторы Мұрат Темір-
жанов әлеуметтік желідегі ресми парақ-
шасында жариялаған. «Жердің пайдала-
нылуы мен қорғалуына мемлекеттік



бақылау бойынша тиісті шаралар қабыл-
данғаннан кейін, жер пайдаланушылар
өздерінің осыған дейін бос жатқан 3,6 млн
гектар жерлерін қайта пайдалануға кірісті», —
деп жазды ол.

Жер қатынастары мәселесін реттестіру
туралы заң жобасында мемлекетке қайта-
рылған түрлі көлемдегі жер телімдерінің
кей жағдайда мақсатсыз пайдаланылып
келгендігі анықталған. Бұл туралы жыл
басындағы үкімет отырысында Мұрат
Теміржанов айтқан болатын. Одан бөлек,
отырыста елімізде жер ресурстарын басқа-
ру мен қалағалаудың заманауи электронды
жүйесі іске қосылғандығы белгілі болды.
Қазір елімізде қайтарылған ауыл шаруа-

шылығы жерлерінің орналасқан жерлері
мен аудандары көрсетілген Jerkarta.gharysh.
kz интерактивті картасы жұмыс істеп тұр.
Мұнда онлайн қызмет көрсету және жер
учаскелерін беру рәсімін автоматтандыру
үшін ЖМБМК АЖ («Жылжымайтын
мүліктің бірыңғай мемлекеттік қаластры»
ақпараттық жүйесі) іске қосылды.

«ЖМБМК жүйесі пайдаланушылар
тарапынан көптеген наразылық тудырады,
жер учаскелерін жедел және ашық бөлулі
қамтамасыз ету үшін оны сапалы пысықтау
қажет. Екінші мәселе, бүгінде мемлекет-
ке қайтарылған 10 млн гектар жерді бөлу
саясаты қандай? 2 млн гектар жер бөлінді,
олардың әділ бөлінуіне және жана пайда-

ланушыларға кім бақылау жасайды?
Қайтарылған жерлердің негізгі көлемін
жайылымдар құрайды. Парламент Сена-
тындағы «Жайылымдар туралы» заң жо-
басының негізінде АШМ тиімді пайдала-
ну үшін осы жерлерді бөлу және пайдалану,
оларды суармалы егістік, жайылым жер-
лерге әртараптандыру және т.б. әдіснама-
сын әзірлеуі қажет», — дейді Премьер-Ми-
нистрдің орынбасары Серік Жұманғарин.

Астана, Алматы, Шымкент қалала-
рында, облыстық және аудандық маңызы
бар қалаларда жер учаскелерін берудің
электрондық тәртібі заңнамалық түрде
енгізілген. Одан бөлек, цифрлық ауыл
шаруашылығы карталары да сәтті жүзеге

асырылуда. Мысалы, 2023 жылдың қоры-
тындысы бойынша барлығы 145 млн мың
гектар ауыл шаруашылығы жерлері цифр-
ландырылған. Бұл дегеніміз еліміздің ауыл
шаруашылығы бойынша алып отырған
алқаптың 77%-ын құрайды екен. Нәтиже
жок емес, бар. Тіпті, үлкен іс тындырылу-
да деп ауыз толтыра айтуға болады. Енді
осы қарқынмен жылжитын болсақ, ауыл
шаруашылығы жерлерін цифрландыруды
толығымен 2025 жылы аяқтау көзделіп
отыр. Әрине, жер бедерін сандық үлгіге
толық өткізіп алсақ, шаруаның біршама
жеңіл болатынында сөз жок. Одан бөлек,
ешкім егін екпеген алқабын жасырып,
мақсатсыз қолданған жерін тығып отыра
алмасы анық. Демек, мемлекеттің құзыр-
лы орындары кез келген жерді адамның
қатысуынсыз-ақ бақылап жүйелеуіне
мүмкіндік тумак. Цифрландыру бағдар-
ламасының қарыштап дамуы нәтижесін-
де қазірдің өзінде жердің пайдаланылуы
мен қорғалуын мемлекеттік бақылауды
ғарыштық зерттеулер арқылы жүргізіле
бастаған.

«Қазақстан Ғарыш Сапары» АҚ спут-
никтері инспекторларға ауылшаруашылық
жерлердің пайдаланылмауын анықтаудан
басқа, сол жерлерді сот тәртібімен мем-
лекет игілігіне қайтаруға көмектеседі.
Мысалы, осы жылдың басында Қостанай
облысы Жер ресурстарын басқару департа-
менті JерinSpekt платформасындағы
жұмыс нәтижесі бойынша 54 жер учаскесі-
не қатысты профилактикалық бақылау
жүргізіп, 15,3 мың гектар пайдаланылмаған
ауылшаруашылық алқаптарын анықтаған.
Облыс бойынша соттарда ғарыштық
спутниктер көмегімен аумағы 6,7 гектар
9 учаске анықталған.

«Қазақстан Ғарыш Сапары» АҚ-мен
бірлесіп отырып жүргізілген жұмыстар
шынымен де нәтиже беріп отыр. Бұл бү-
гінгі таңда көп мемлекеттің қол жеткізе
алмай отырған кешенді жобасының біре-
гейі екенін ескере келе, елдің елеулі ша-
руаға шынымен бел шешіп кіріскендігін
аңғаруға болады.



АНАНЫҢ АМАНАТЫ — АЛАШТЫҢ АМАНАТЫ!

Бітік тастың білгірі атанған Қаржаубай Сартқожаұлы 1947 жылы 21 наурызда Моңғолияның Баян-Өлгей аймағында дүниеге келген. Саналы ғұмырын түркі әлемі мен түркі руханиятын зерттеуге арнаған ғалымның еңбегі ұшан-теңіз. Ұлтының жоғын жоқтаған ғалымның «Орхон ескерткіштерінің толық атласы» атты 3 томдық еңбегінің тұсаукесерінде: «Бүкіл өмірімді көк түрік тарихымен байланыстырып келе жатқан адаммын. Саналы ғұмырымды осы тақырыпты зерттеуге арнадым. Университеттің бірінші курсынан бастап айналысқан тақырыбым — осы. Кішкентай ғана ізденістен басталған дүниені бүгінге дейін ұлғайтып, тереңдетіп, түркі тарихының түбіне тереңдеп барамыз. Қазіргі жағдайда Моңғолия жеріндегі, шығыстағы, сосын Батыс және Орталық Қытайдан табылған көне түркі, яғни руна (бітік) жазуымен түріктердің өз қолымен жазып қалдырған құжаттарын ақтарып-төңкеріп, зерттеуді бастап кеттік. Жалпы алғанда, 50 жылғы еңбегім осы тақырыпқа арналып отыр. Соның жиынтығы ретінде «Орхон ескерткіштерінің толық атласы» атты 3 томдық еңбекті әзірледім» деген болатын.

Тарихшы, ғалым, жазушы Қойшығара Салғараұлы жазған естелікте Қаржаубай ағамыздың өмірлік ұстанымы, түпкі мақсаты мен ғұмырлық мұраты былайша суреттеледі: «Қаржаубаймен жиі кездесіп тұрамын. Сондай кезекті бір кездесуде сырласып отырғанымызда Қаржаубай «Мені адам қылған анамның бір ауыз сөзі ғой» дегенді айтып қалды. Мен таңырқай жүзіне қарадым. Ол толқыған ішкі сезімін баса алмай біраз үнсіз отырып барып, маған беймәлім өзінің өмір жолын тарқатты. — Мен әкемнен жастай айырылып, анамның тәрбиесінде, бір үйдің еркесі болып, қайыру көрмей өстім, — деп бастады ол әңгімесін. — Тентек болдым. Анамның ағайынға, туыс-туғанға сыйлы, ерекше қадірлі кісі болғандығынан шығар, ауылдастарым да менің тентектігімді көтеріп, бетімінен қакқан емес. Құдайдың берген бір абыройы, оқуды да жақсы оқидым. Алға қойған нақты мақсатым болмаса да, менде жоғары оқуға түсуге ертен жүремің деген күні анам қасына шақырды. «Кел, балам, мында отыр» деп алдында аналық көрпешені нұсқады. Мен «бірдене боп қалды ма?» деген оймен анамның жүзіне қарап едім, біртүрлі мейірімді ішүак төгіліп тұр екен. Бірден жайылып сала бердім. — Жолға дайындалып жатырсың ба? — деп сұрады. Мен басымды изедім. —Дұрыс, жолың болсын! — Анам толқи үн қатты. — Ертен жол жүрерде қарбалас болады ғой деп, онашада аналық аманаттың айтайын деп әдейі шақыртып отырмын. Дұрыстап тыңда, әр сөзімді санана құйып ал, — деді. Үйінде жаңағы толқу жоқ, сабырлы да салмақты леп бар. — Үйден алғаш сыртқа шығып, қалың моңғолдың ортасына бара жатырсың. Алда тағдырынның саған қандай сый тартатынын білмеймін, бірақ қайда, қандай жағдайда жүрсен де, өзіңнің қазақ екенінді, текті халықтың ұрпағы екенінді жалыннан шығарма! Қазақ екенінді мақтан тұт! Әрқашанда ұлы бабаларыңның рухына сай тектілік мінез танытатын бол! Бұл — бірінші аманатым. Артындағыны санама, алдына кара. Мақсатың зор болсын. Ер-азаматтың өмірлік серігі — кәсібі. Кәсібірдің тандай біл және оған өле-өлгенше адал бол! Сонда халқына пайдан тиеді, қатарында қадірің артады. Бұл — екінші аманатым. Қазақ деген қабырғалы ел едік, тағдырдың жазуымен үшке бөліндік. Мен негізгі атажұртың орыстың боданында, басында темір нокта. Құдайдың ерекше бір құдіреті болмаса, ол ноктадан енді босау жоқ. Екінші мол бөлегі қытайдың бодандығында, басында кендір нокта, замана суы тиген сайын ширьға қысып, тынысынды тарылта береді. Одан да құтылу екіталай. Үшінші бөлегі моңғолдың бодандығында. Ол — біз. Басымызда жіп нокта. Сәті келсе, бұл ноктаны үзуге де болады, қайта жалғауға да болады. Орыстар мен қытайға карағанда моңғолдар өзіміз сияқты көшпелі халық қой. Қалай дегенде де, мұнда күнелту жеңілрек. Бірақ «Ит тойған жеріне, ер туған жеріне» деген аталарын. Үмітсіз — сайтан. Үміт үзуге болмайды. Құдайдан құдай болып, темір ноктаның талқаны шығып, қазақ елі азаттыққа жететін заман болса, мұнда жағдайым жақсы екен деп жүріп қалма, қанат байлап, атажұртқа үш. Ұрпағынды ата-баба рухы сіңген қазақ даласына жеткіз. Бұл — менің үшінші аманатым. Менен туған ұл болсан, осы айтқандарымды орындауға серт байла. Осы сөздер мені ештеңе ойлатпайтын балалықтың базарынан жұлып алып, есейгендердің есігіне кіргізіп жібергендей болды. Анам алдынан әдебір үлкен жауапкершіліктің салмағын сезініп, ой құшағында сыртқа шықтым. Сол күні іштей ана аманатын қалай да орындауға серт байладым» делінген естелікте.

Осындай сертті жанына серік еткен Қаржаубай Сартқожа 1973 жылы Моңғолияның мемлекеттік университетін тәмамдайды. Араға 10 жылдан астам уақыт салып Ресейдің Санкт-Петербург қаласындағы Шығыстану институтының аспирантурасында білім

АЛАШТЫҢ АРДАҚТЫ ҒАЛЫМЫ ЕДІ...

Арысы Күлтегін, Орхон, Енисейдің, берісі Шыңғыс, Жошы хандықтарының тастағы тарихын танып, алты Алашқа сүйіншілеткен, тарих үшін «күндіз күлмеген, түнде ұйықтамаған» ғалым, шығыстанушы, «Құрмет» орденінің иегері, академик Қаржаубай Сартқожаұлы 77 жасында дүние салды. Бар саналы ғұмырын ғылым жолына арнап, түркі тарихының түпкі танымын түгендеген тұлғаның қазасы тұтастай жұртты қапалы нәм қаралы жағдайға қалдырды. Ендеше қалың қазаққа көңіл айта отырып, ардақты Алашы үшін «алаң да алаң күн кешкен» арда ғалым жайлы қазанамамызды ұсынамыз.

алады. Алғаш еңбек жолын өзінің туған өлкесі Баян-Өлгей аймағындағы №10 мектепте ұстаздық қызметтен бастайды. 1975-1989 жылдары Моңғолия Ғылым Академиясының Тарих институтының аға ғылыми қызметкері, 1989-1995 жылдары Түркі-Қазақ ғылыми орталығының аға ғылыми қызметкері, директоры қызметтерін атқарды. Мемлекеттік қызметке араласып, Баян-Өлгей аймағының мәслихат төрағасы лауазымын атқарды. Моңғолия Ғылым Академиясының Түркі-Қазақ ғылыми орталығының директоры қызметін атқарып жүріп, атамекенге оралып, Л.Гумилев атындағы ЕҰУ-де ұстаздық қызмет атқарды. Тарих ғылымының кандидаты, профессор, жазушы Қаржаубай Сартқожаұлы әдебиет саласында аз еңбек сіңірмейді. «Қош бол, апа!», «Қыранның қазасы», «Сәйгүліктер» атты көркем прозалық кітаптары жарық көрді. 250-ден астам ғылыми мақаланың авторы. «Бір автобустағылар» (1986) атты кітабы моңғол тілінде жарық көрген. «Этнокультурный связь древно-тюркского-уйгурского каганата» (Алматы, 1988), «Объединенный каганат тюрков» (Астана, 2001) атты ғылыми кітаптары жарыққа шыққан. 30-ға жуық ғылыми мақаласы орыс, француз, ағылшын, моңғол, қазақ, қытай тілдерінде ғылыми басылымдарда жарияланды. Ол Түрік қағанатының мемлекеттік тілінің де, Орхон мәтіндері тілінің де қыпшақ тілі болғанын дәлелдеп, «Көк Түріктер ескерткішінің тілі ұйғыр тілі» деген тұжырымды теріске шығарған. Моңғолиядан көшпенділер мәдениеті, көне түрік тарихы, жазу емлесіне қатысты құнды жәдігерлерді Астанаға тасып, әлемде баламасы жоқ «Көне жазу тарихы музейін» ашқан.

Қойшығара САЛҒАРАҰЛЫ,
тарихшы, жазушы:

ҒЫЛЫМДАҒЫ ТЕРІС ТҰЖЫРЫМДЫ ДҰРЫСТАДЫ

Қаржаубай да әуелде ауылдан мұғалім боламын деп аттанып, Моңғолияның мемлекеттік университетінің Филология факультетіне түсіпті. Жазушы болуға талпынып, шағын әңгімелер жазыпты. Сөйтіп жүргенде, ол бірде өзі жаздырып алдырып жүрген «Білім және еңбек» журналынан көне түркі жазуы туралы жазылған қазақ ғалымы Ғ.Айдаровтың мақаласын оқиды. Осындағы беймәлім жазулар қатты қызықтырады. Өзінің сонау бала кезден көріп-өскен тастағы жазулар бірінен кейін бірі көз алдына елестеп, өзін әлдебір белгісіз күш сиқырлап алғандай, сол жазулардың сырын білуге құмарлығы артады. Көне түркі әріптерін жаттап алып, қолына түскен ескі мәтіндерді тапжылмай, сағаттап отырып оқуға кіріседі. Бірақ бұл әрпің білсең, ежіктеп оқып кетуге көнетін жазулар емес екен. Оның ережелерін менгеріп, сөздің дауысты дыбыстары жазылмайтынын, мысалы, «қаған» деген сөздің «қғн» ғана болып жазылатынын, қай дауыссыз дыбыстан кейін қандай дауысты дыбыс келетін заңдылықтарын танып-білудің өз талай уақытын алады. Қатты киналады. Бірақ мұқаламайды. Ұстазының көмегімен көне түрік жазуының тарихымен, ғалымдардың еңбектерін оқумен айналысады. Сөйтіп жүріп, көне түрік жазуының оқылу кілтің тауып, әлемге паш еткен дат ғалымы атакты В.Томсеннен бастап, орыс ғалымдары В.Радлов пен С.Маловтың, түрік ғалымдары Н.Орхун мен Т.Текиннің, қазақ ғалымдары Ғ.Айдаров пен А.Аманжоловтың және басқалардың еңбегімен танысады. Олардың оқыған Орхон жазуларының мәтінін тікелей өзі көшірген мәтіндермен салыстыру арқылы кейбір танбалардың қате көшірілгенін, сондай-ақ дұрыс көшірілгенмен, кейбір сөздердің тіпті аударылмай қалғанын, ал аударылғанының кейбіріннің мағынасының дұрыс берілмегенін көреді. Осындай бейнеті ауыр зерттеу жұмысын одан әрі жалғастыру барысында ол көне түрік жазуының толық құпиясын ашу үшін тек жазу тарихын оқу аздық ететінін, сонымен бірге осы жазба-мұраны өмірге әкелген түрік халықтарының төл тарихын, тілін, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, дүниетанымын тұтас танып-білу қажеттігіне көз жеткізеді.

Қаржаубайдың осы кешенді зерттеу әдістемесінде тарихтың орны ерекше байқалады. Үнемі сабақтас ғылымдардың зерттеу тақырыбына қатысты нәтижелерін салыстыра зерделегенде, алдымен тарихи деректерге басымдық беріп отырады. Оның байырғы түріктер мен көне қытайлардың тарихи жазба деректеріне сүйене отырып, Орда-балық қаласының Бірінші Шығыс Түрік қағанаты тұсында салынғанын анықтауы осының бір дәлеліндей. Бұған дейін ғылымда бұл қаланың іргетасы Ұйғыр қағанаты дәуірінде қаланған делініп келген-ді. Сол секілді Қаржаубайға дейін Көк Түріктердің билеуші тайпасының кімдер екені ғылыми тұрғыда нақты анықталмаған еді. Көне қытай және байырғы түріктер дәуірінің тарихи деректеріне сараптама жасау нәтижесінде ол Көк Түріктердің билеуші тайпасы қыпшақтың тайпалық одағы екеніне көз жеткізеді. Сондай-ақ Түрік қағанатының мемлекеттік тілінің де, Орхон мәтіндерінің тілінің де қыпшақ тілі болғанын дәлелдеп, осы тақырып бойынша диссертация қорғап, Филология ғылымдарының докторы атағын иеленеді. Осылайша, ол өзіне дейінгі «Көк түріктер

ескерткішінің тілі — ұйғыр тілі» деген ғылымда орныққан тұжырымды теріске шығарады.

Серік НЕГИМОВ,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымының докторы, профессор:

ҚАРА СӨЗДІҢ ЖОРҒАСЫ ЕДІ

Ол Моңғолия парламент мүшесі болған кезде Моңғолияның жаңа демократиялық негізгі заңын қабылдауға аса үлкен еңбек сіңірді.

13 монография, 150-ден астам ғылыми, ғылыми-танымдық мақаланың авторы. Қаржаубай Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, көрнекті түркітанушының сан алуан қырларының бірі — қара сөздің жорғасы екендігін ерекше айтқан жөн. XX ғасырдың 70-ші жылдарында арман мен қиял-пырақтың қанатында самғаған жас жайнақ Қаржаубай Сартқожаұлы тумысынан халық тілін, дәстүрін, мәдениетін, рухын бойына сіңіріп, ойын оюлы, нақышты жеткізуге, ел суреттерін зергерлікпен кестелеуге ден қойған.

Қ.Сартқожаұлының шығармашылық еңбегінде халықтың этномәдени жүйесі мен ұлт болмысына қатысты толғаныстар бар. Негізінде, Қаржаубай Сартқожаұлының прозасында ел тұрмысы, ұлт пен жер тағдыры, ауыл келбеті, жастық шақ сәулеті (балауса сезім сырлары мен өнерпаздық қырлары), халықтың этнографиялық көріністері аса көркем суреттелген. Кейіпкер монолоттары, характерлер галереясы қаламгер шеберлігін айғақтай түсетіндей. Міне, ғалымдығы мен жазушылығы қатар өрілген осындай алапат таланттан көз жазып қалғанымызға қабырғамыз қайысууда. Ол қазаққа бергенінен берері көп азамат еді. Бар саналы ғұмырын түркі тіл мәтіндеріне арнаған ол соңғы уақыттары түркі тарихтарындағы қателіктер жөнінде бірнеше еңбек жазғалы жатқанын айтқан еді. Ама! нешік, арманына жете алмай кетті. Ендігі біздің қолдан келетіні — оның ғұмыр бойы жинаған, елі үшін терін төккен еңбектерін ұрпаққа насихаттап, есімін ұлықтау ғана.

Тұрсынхан ЗЕКЕН,
тарихшы:

МЕН ҮШІН ҚАДІРЛІ АҒА ӘРІ ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ

Көне түркі ескерткіштеріне 50-60-жылдары мән беріле бастады. Хронологиялық есеп бойынша айтар болсақ, оның басында Бейсенбай Кенжебаев тұрды. Одан кейін Ұбайдолла Айдаров, Алтай Аманжолов, сосын Қаржаубай Сартқожаұлы сынды ғалымдар шықты. Дегенмен Қаржаубай Сартқожаұлының зерттеулері бұрын-соңғы батыстық, ресейлік, қытайлық және өзге де шетелдік ғалымдардан бөлек ерекшелікке ие. Ол Қазақстан мен әлемдік түркологияда айырықша орны бар тұлға. Отандық түркологияны әлемдік деңгейге көтерген бірден-бір ғалым. Оның ғылымдағы басты жетістіктеріне келер болсақ: біріншіден, ғылымда алғаш рет көне түркі ескерткіштерін кешенді түрде зерттеді. Атап айтқанда, ескерткіштердің археологиялық сипаттама-сы, сакталу жағдайы, жазылуы мен оқылу тарихы, тілдік ерекшеліктері, жазу тағбасы және олардың қолданылуы, сөздік қоры секілді мәселелерді жүйелі қарастырды; екіншіден, көне түркі ескерткіштері мәтіндерінің бұрын да түрлі атлас-альбомда, монографияда, хрестоматия мен академиялық басылымда жарияланған нұсқаның болуына карамастан, аталған мәтінді өз көзімен көріп, қолымен сипай отырып, заманауи технологияның көмегімен қайта бастан көшіріп, транскрипциялап, аудармасын жасап шықты; үшінші, көне түркі ескерткіштерін алғаш ашып, ғылым әлеміне белгілі еткен В.Томсен, В.Радлов, С.Малов сияқты ғалымдардың зерттеулеріне сын көзбен қарап, олар тарапынан орныққан тұжырымдардан 500-ден астам қатені тауып шықты. Бұл қателердің көбі мәтіннің транскрипциясына, аудармасына және түсіндірмесіне қатысты болды; төртіншіден, көне түркі руникалық жазуының түп тегін, дамуын зерттей келе аталмыш жазудың түркілердің ата-бабасынан келе жатқан төл жазуы екенін дәлелдеп шықты және осы тақырыпта «Көне түркі жазуының генезисі» деп аталатын көлемді монография ұсынды; бесіншіден, ғылымда Ұйғыр қағанаты деген атпен орныққан Біріккен түркі қағанатының руникалық ескерткіштері туралы бірыңғай зерттеу жасап, Елетміш Білге қағанның үш бірдей ескерткішіне текстологиялық сараптама жасап, қағанаттың саяси тарихын, оның іргесін қалаушы Құтлық Көл Білге қағанның мемлекетті құруы мен дамытуы, қағанаттың билік жүйесі мен мемлекеттік құрылымы сынды басты түйіндерді жүйелі зерттеп, «Объединенный каганат тюрков» атты арнайы ғылыми зерттеу еңбегін (монография) дүниеге әкелді; алтыншыдан, көне түркі ескерткіштеріне арналған эпиграфикалық талдаулар мен жүйелі әдіснамалық ұстанымдарды ұсынған, байырғы түркілік киелі орындар мен оларға жасалған кен көлемді археологиялық сипаттауларды, көне түркілердің дүниетанымы мен олардың тарихын, мәңгітас мәтіндерін зерттеуді бір арнаға тоғыстырған екі томдық «Орхон мұралары» атты бірегей іргелі зерттеу еңбегін жариялады; Сонымен қатар қазақ

және орыс тілдерінде «Орхон ескерткіштерінің атласы» (Атлас орхонских памятников) деп аталатын кең форматтағы екі бірдей ауқымды еңбегі жарық көрді; Және 2013 жылы жаз айында жас түрколог Жантегін Қаржаубаймен (ұлы) бірлікте Орталық Моңғолиядан көне түркілердің жерлеу кешенін тапты және ол ЮНЕСКО-ның әлемдік тарихи мұралар тізімдігіне енгізілді. Осы еңбектердің аясында Қ.Сартқожаұлы Білге қаған кешеніне жасалған археологиялық зерттеу жұмыстары кезінде қазақтардағы қойдың басын кәделі асқа қосып тарту дәстүрі көне түріктерде болғанын, сол арқылы қазақтардың көне түріктердің тарихи, генетикалық және этникалық жалғасы екенін дәлелдеп шықты; Сондай-ақ көне түркі мәтіндері Umay teg ögüm qatyn qutu a inim Kül-tigin er at boldy деген сөйлемге этномәдени, этнопсихологиялық және лингвстикалық талдау жасап, археологиялық және тарихи деректерден дәйектер ұсына келе, оның мағнасы «Ұмай текті анамның құтына (бағына) Күлтегін сүңдетелді» деген сөз екенін және сүңдеттеу дәстүрінің исламиаттан бұрын да түркі, парсы, араб-еврей халықтарында болғанын дәлелдеп берді; Моңғол Алтайынан табылған көне музыкалық аспаптың қазақтың кара домбырасының түркілік дәуірдегі нұсқасы екенін зерттеп, дәлелдеп шықты және ол туралы халықаралық басылымдарда мақалалар жариялады; Күлтегін мәтініндері Tenri teg. Tenride bolmys türük bilige qayau bu ödke olurtum деген тіркестері Tenri teg сөзін бұрындары аударылып жүргендей «Тәңір спетті=Тәңір секілді» деп емес, «Тәңір бір» деп аударылатынын, тұтас мәтіннің «Тәңір бір, Тәңірден жаратылған Түрік Білге-қаған бұл заманда [таққа] отырдым» деген мағна беретінін дәлелдеді. Екінші Түркі қағанатының құрушысы, көне түркі тарихында айырықша орны бар тарихи тұлға, Күлтегін мен Білге қағанның өкесі, Қапаған қағанның ағасы — Елтерсі Құтлық қағанның VIII ғасырда тастан сомдалған бас мүсінін (түп нұсқа) Қазақстанға жеткізді. Қазір бұл бас мүсін Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің бас корпусындағы Күлтегін жайымында жазу тарихының мұражайында тұр. Жоғарыда келтірілгендер ғалым Қаржаубай Сартқожаұлының талай жылдарға созылған іргелі зерттеулерінің бір парасы ғана. Қаржекен мен үшін қадірлі аға әрі ұлағатты ұстаз. Оның кеңес беруімен және қолдап-қуаттауымен мен «Көне түркі ескерткіштеріндегі қытай жазбалары және олардың Отан тарихынан деректік әлеуеті» (古突厥碑铭汉文记载及其历史文献价值) деп аталатын докторлық диссертация жаздым әрі қорғадым. Оның менің ғылымда өз жолымды табуыма сіңірген еңбегі мен ағалық ақыл-кеңесі ұшан-теңіз. Енді, міне бітік тастың білгірі, Қазақ тарихының қара нары, бүкіл түркі тарихының толағайы, белгілі түрколог ғалым Қаржаубай Сартқожаұлы дүниеден көшіпті... Барша қазаққа көңіл айтамын.

Сұраған РАҚМЕТҰЛЫ,
Қазақстан және Моңғолия Жазушылар одағының мүшесі, ақың:

БІТІК ТАСТЫҢ БЫЛҒИ ДЕ КӨШТІ БҰ ДҮНИЕДЕН!

Терең тарихымыздың тамыршысы, танымал түрколог, жас ғұмырынан жасамыс дәуіріне дейін от кешіп, жасын арасында өткен бүтін қазақтың өжеті, бүткіл бітікті тастың білгірі — жасын туған Қаржаубай аға еді. Бессаланың бесігінен туып, бәдізді білеуді бек білік еткен ғайыпи тұлға, әлемдік тауыриһи сананы бағындырған нағыз ғалым өз халқымен қош айтты! Ағамыздың Моңғолиядағы қазақтардың құқығын қорғап, конституциясына шегелеп кеткен жанкештілік күресінің өзі кейінгі ұрпаққа үлгі өнеге мен ерлік. Ұш томдық «Орхон ескерткіштерінің атласы» — Қаржаубай Сартқожаұлының болашақ ғалымдарға қалдырып кеткен үлкен мұрасы. «Орхон ескерткіштерінің толық атласында» Еуразия ұлы даласына үш ғасыр бойы билік жүргізген, мәңгілік ел орнатуды көксеген, өздерінің тарихын, дүниетанымын, даналығын, ой-санасын, болмысын, жазу өнерін, ел басқару жүйесін, ата дәстүрін өшпестей етіп тасқа қашап кеткен, сөйтіп өркениетке, адамзат мәдениетіне асыл қазына қосқан байырғы түріктердің мұралары түгел қамтылған. Қаржаубай Сартқожаұлы бүткіл өмірін ғылымға арнады. Біріншіден, Классикалық түркология ж.с.б. II ғасырдан (Хунну дәуірінен) бастап ж.с. XVI ғасырға дейінгі кезең; Екінші, Дербес (индивидуальная тюркология) кезеңі. XV-XVI ғасырдан бастап түркі халықтары жеке-жеке хандық құрып, дербес мемлекет болып кетті де, тілін, тарихын, дәстүр-салтын жеке дараландырып дамытты. Біздің сөз етіп отырған нысанымыз ж.с.б II ғасырдан б.з. X ғасыр аралығында Орталық Азияда билік құрған түрік этносына ортақ тарихи-мәдени құндылықтар. Бұдан екі мың жыл бұрынғы құндылықтарды қолмен ұстап, көзбен көріп, ғылыми анализден өткізіп ұлт мәдениетінің алтын қорына қосуға автор 40 жыл бойы жанкешті жұмыс істеп, бүкіл ғұмырын арнаған. Аталмыш құндылықтарды сараптап 2019 жылы жарыққа шығарған.

Еуразия субконтинент алып аймағында «Мәңгілік ел» орнатуы армандап, үш ғасыр бойы билік жүргізген байырғы Көктүріктердің тарихи-мәдени және рухани құндылықтары қамтылған. Олардың өз дәуіріндегі алақа қойған бір мақсаты түркілік мәдениет, білім әліпби жүйесін қалыптастыру, ұлттық құндылықтардың іргетасы етіп, ұлт танымын, білімін жетілдіріп, халықтың рухани байлығын байыту еді. Байырғы түріктердің білімпаздары халықтың дүниетанымын, тарихын, өмір салтын, ел басқару жүйесін мәңгі тасқа қашап қалдырды. Осы бір ұлы құндылықтары — жазуы, рухани байлығы, дәстүр-салты, мәдениеті біздің дәуірге жетіп, аса мол мұра болып қалып, адамзат өркениетімен мәдениетіне үлкен үлес қосты.

Қайғырып, Қазақ пен Моңғол даласына, Баян-Өлгий, Бессаладағы ел-жұртына хабар айтамыз! Тәңірі панасына алғай!

ТУРИЗМГЕ СЕРПІН БЕРЕР ФЕСТИВАЛЬ

Туризмнің дамуына серпін беретін Balhash Tour Fest Қарағанды облысына қарасты Балқаш қаласында екінші мәрте өтті. Фестиваль қала тұрғындары мен қонақтарын көл жағасындағы түрлі ойын-сауық пен мәдени іс-шарамен қуанытып келеді. Ұйымдастырушылар демалушыларға мәдени, спорттық және экологиялық іс-шараларды қамтитын екі күндік ауқымды бағдарлама ұсынды.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ

Фестиваль көлдің жағасында, Ақшағыл ауданында өтті. Фестивальдің ашылуымен қонақтарды туризм және спорт вице-министрі Ержан Еркінбаев құттықтады.

— Туризмді дамытуға бағытталған орасан зор мәдени және спорттық іс-шараның өтуімен құттықтаймын. Жыл сайын Балқашта туристер саны артып келеді. Былтыр аймаққа 360 мыңнан астам демалушы келді. Бұл — 2022 жылмен салыстырғанда 60 мыңға артық. Көлдің курорттық аймағы республикалық туристендіру картасының топ-10 нысанына кіретіні бекер емес, — деді Ержан Еркінбаев.

Фестивальге келушілерге ыңғайлы болу үшін жағалауға дейін тегін тасымалдау ұйымдастырылған. Автобустар әр 15 минут сайын жүрді.

Santorini демалыс аймағына қарама-қарсы жерде ақысыз көлік тұрағы бар, мұнда полиция бекеті де жұмыс істейді.



— Биыл біз фестивалды былтырғы тәжірибені ескере отырып ұйымдастыруға тырыстық. Ересектер мен балалар екі күн бойы өртістердің, жарқын шығармашылық ұжымдардың өнерін тамашалай алады, спорттық жарыстар мен экоакцияларға қатыса алады. Balhash Tour Fest біздің қаламыздың визит картасына айналуы және туристер ағынын арттыруға тиіс, — деді ашылу салтанатында Балқаш қаласының әкімі Сапар Сатаев.

Ашық аспан астындағы экранда демалушылар отандық кинематографтың фильмдері мен мультфильмдерін тамашалады.

Фестивальге келгендер ұлттық аспаптардың жылжымалы мұражайына барып, фитнеске, йогаға



Қарағанды облысы

АУЫЗСУМЕН ҚАМТУДЫҢ АУҚЫМЫ КЕҢЕЙДІ

Еліміздің барлық елді мекенінде таза ауызсу қолжетімді болуға тиіс. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Халық бірлігі және жүйелі реформалар — ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауында бес жылдың ішінде қалалар мен ауылдарды 100 пайыз сумен қамтамасыз етуді тапсырғаны белгілі. Сондықтан бұл — кезек күттірмейтін мәселе.

Мемлекет басшысының халықты таза ауызсумен қамту мәселесіне ерекше көңіл бөлуі түсінікті. Өйткені ауызсудың сапасы ел тұрғындарының денсаулығына тікелей әсер етеді. Жалпы, елімізде халықты таза әрі сапалы ауызсумен қамтамасыз ету мақсатында 2002-2010 жылдарға арналған «Ауызсу», одан соң 2011-2020 жылдарға арналған «Ақ булақ» бағдарламасы жүзеге асырылды. Ал 2021 жылдан бастап бұл мәселе «Қуатты өңірлер — ел дамуының драйвері» ұлттық жобасының аясында шешімін тауып келеді.

Халықты таза ауызсумен қамтуға бағытталған жобалардың жүзеге асырылу барысы Тараз қаласында да жіті бақылауда. Әсіресе, «Күмшағал», «Қазарма», «Шөлдала», «28 саяжай» тұрғын алқаптарына таза тіршілік нәрін жеткізу ісіне баса назар аударылып отыр. Осы мақсатта 2022 жылы аталған алқаптарда ауқымды жұмыстар басталған еді. Біраз жылдан бері көтеріліп келе жатқан мәселенің шешімін табу үшін қазынадан 6,6 млрд теңге қаралып, су құбырын тарту жұмыстары қарқынды жүргізілді.

Қала әкімі Бақытжан Орынбековтің тұрақты бақылауында болған бұл мәселе бүгінде сәтті шешімін тауып, алқап тұрғындары ауызсуға қол жеткізе бастады. Қазір құрылыс жұмыстары толығымен аяқталып, ауызсудың пайдалануға жарамды, тұрғындар денсаулығына қауіп төндірмейтіні туралы сараптама қорытындылары алынған. Жалпы, бұл аумақта 7 300-ге жуық үй бар. Онда 29 мыңнан астам адам тұрады. Яғни, осыныша тұрғын мөлдір суға кедергісіз қосылуға мүмкіндік алып отыр.

Дегенмен бұл тұста бауын тапса да, байлауын таппай тұрған тағы бір мәселе бар. Ол — алқап тұрғындарының орталықтандырылған ауызсу жүйесіне қосылуының баяу жүруі. Қала әкімдігінің тұрғын жай-коммуналдық шаруашылық, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімі мамандарының айтуынша, «Күмшағал», «Қазарма», «Шөлдала», «28 саяжай» алқаптарының тұрғындары бұған дейін ауызсуға «Теміржолсу-Алматы» ЖШС-ның теңгеріміндегі су құбырлары арқылы қол жеткізіп келген. Сонымен қатар есік алдынан қазылған ұнғымалар арқылы су алып отырған үйлер де баршылық. Су есептегіш құралынсыз жұмыс істеп

келген жүйеге әбден үйренген халықтың жана желіге қосылуға құлқы жоқ көрінеді. Сол себепті де 7,2 мыңнан астам тұрғын үйдің қазірге дейін тек 2 мыңға жуығы ғана орталық ауызсу жүйесіне жалғанған. Ал алқаптарды ауызсумен үздіксіз қамтамасыз ету үшін тұрғындардың кемінде 70 пайызы орталықтандырылған су құбырына қосылуы қажет.

Алайда мамандар «Теміржолсу-Алматы» ЖШС-ның теңгеріміндегі су магистралі әбден тозғанын, оны әрі қарай пайдалануға жарамайтынын айтады. Ал оны қайта жаңғырту экономикалық тұрғыдан тиімсіз деп танылған. Сол себепті былғы жылыту маусымы басталған уақытта бұл желі толықтай істен шығарылмақ. Бұл жағдайда жана су желісіне қосылмаған тұрғын үйлер ауызсуға қол жеткізуі мүмкін болмай қалады екен.

Бөлім қызметкерлерінің айтуынша, қазір жанадан тартылған су құбырлары әр тұрғын үйдің алдына дейін жеткізілген. Ендігі кезекте азаматтар орталық желіден үйінің ауласына өз есебінен құбыр тартып алса болғаны. Аталған жұмыс халықтың қалтасына салмақ салмауы үшін мердігермен келісімге отырып, үйдің ауласына тартылатын құбырдың әр метрінің құны 4 мың теңге көлемінде бекітілген. Сонымен қатар есептеуіш құралды орнатудың да жеңілдетілген жолы ұсынылған. Ол үшін үй иесі «Жамбыл су» мекемесіне өтінім қалдырса болғаны. Бұл мақсатта алқаптарға мекеменің арнайы маманы бөлінген. Ол үй-үйді аралап, өтінім жинаумен айналысуда.

Осы жайтты халық арасында түсіндіру үшін әкімдік қызметкерлері тұрғындармен кездесулер ұйымдастырып, мәселенің мән-жайын ұғындыру жұмыстарын жүргізіп келеді екен. Дегенмен тұрғындар тарапынан әлі де сенімсіздік туындауына байланысты бұл жұмыс өте баяу жүріп жатыр.

Жалпы, биыл «Шалғай Қарасу-1,2,3,4,5,6,7», «Ақжол», «Қайнар», «Мичуринец», «Родничок» алқаптарын ауызсумен қамту көзделіп отыр. Нәтижесінде, Тараз қаласында орталықтандырылған ауызсумен қамтылған халықтың үлесі 100 пайызды құрамақ. Сондай-ақ қала тұрғындарын сапалы ауызсумен үздіксіз қамтамасыз ету мақсатында жаңадан бұрғыланатын 35 дана су ұнғымасының құрылысына жоба әзірленіп отыр екен.

Бұдан бөлек, шаһар аумағында жылу желілерін жаңғырту, жолдарды жөндеу, көшелерді жарықтандыру секілді сапалы әрі қауіпсіз өмір сүру үшін жағдай жасалуда. Мұндайда «Егер тұрғындар қыруар қаражат пен күш-қайрат жұмсалған мұндай жұмыстарға қолдау білдірмесе, онда бұл істі әрі қарай жалғастырудың мәні бар ма?» деген де сұрақ туындайды...

Еркін САЙЫН,
Жамбыл облысы



ЖАСТАРМЕН ЖҰМЫС ЖАНДАНА ТҮСКЕН

Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі республикалық референдумнан кейін еліміз дамуының ең өзекті тұстарына қытыланып, өркендеуге жол ашар бағыттар айқындалған еді. Мемлекет басшысы солардың ішінде азаматтардың еңбекқорлығы және жастардың озық білімге ұмтылысына ерекше назар аудару қажеттігіне айрықша тоқталғаны есімізде. Осы орайда Жетісу облысында жас ұрпақ тәрбиесіне, олардың сапалы білім алуына үлкен көңіл бөлініп, нақты істер атқарылып келеді десек артық айтқандық бола қоймас.

Болат АБАҒАН

Биылғы бірінші тоқсандағы мәлімет бойынша, облыста 15-34 жас аралығындағы NEET санатындағы жастардың үлесі 7,4% болып, 12 880 адамға жеткен. Республика бойынша бұл көрсеткіш 7% екенін ескерсек, аймақтағы жағдай алаңдатарлықтай. Осыған байланысты облыстағы NEET санатындағы жастардың санын азайту бағытындағы жұмыстарға басымдық беріліп отыр. Жыл басынан бері бұл бағытта бірқатар шара жүзеге асырылды. Нәтижесі де жаман емес. NEET санатындағы жастармен жұмысты күшейту және санын азайту, мемлекеттік бағдарламалар мен жобалар аясында бағыт-бағдар беру мақсатында 1 360 жастың қатысуымен 39 кездесу өткізіліп, аудан/қала, ауыл жастарына «Ауыл аманаты» мен жастарға арналған 2,5 пайыздық жеңілдетілген несие беру жобалары туралы 78 ақпараттық-түсіндірме жұмысы жүргізілді. Аталған шараларға жастардың ынтасы жоғары болғанын да атап кеткен жөн.

Биылғы алғашқы жартыжылдықта 4 бос жұмыс орындар жәрменкесі ұйымдастырылып, оларға 36 жұмыс беруші мекеме қатысып, жүздеген бос жұмыс орны ұсынылды. Нәтижесінде, біраз адам кәсіптік қайта даярлау курстарына, қоғамдық жұмыстарға жіберілген. Әңгімелесуден соң тұрақты жұмысқа қабылданғандар қатары да баршылық. Ақпараттық-консультациялық көмектің де жастарды еңбекпен қамтуға қатысты ықпалы артып келеді.

Алдағы тамыз айының 3-12 тамыз күндері аралығында Халықаралық жастар күніне орайластырылып Жетісу облысының жастары үшін онкүндік мереке ұйымдастырылмақ. Онкүндік 14-35 жас аралығындағы жастарды қамтиды. Jetisy Jastary-ның директоры Еркебұлан Ақболатовтың айтуынша, іс-шараға жұмыссыз жастар да қатыса алады.

«Онкүндік шараның негізгі мақсаты — жастарды қоғамдық-саяси, мәдени және спорттық іс-шара-

қосылды, волейбол, гир спорты және армрестлинг жарыстарында бақ сынады.

Жағажайда үлкен фуд-корт пен колөнершілер дүкендері орналасқан.

Мұнда дәмді тамақтанып қана қоймай, колөнершілер жасаған ерекше кәдесыйлар мен зергерлік бұйымдарды сатып алуға болады.

— Барлығы жоғары деңгейде ұйымдастырылған. Биыл бізге өте жақсы орындар, бірыңғай жабдықтар бөлінді. Біз үшін орындар ұлғайтылды. Қаламызда осындай фестиваль өтіп жатқанына қуаныштымыз. Көңіл-күйіміз тамаша, туристер қуанышты, Balhash Tour Fest жыл сайын өткізілуі керек. Адамдар біздің қала мен ең әдемі көл туралы білуі керек, — дейді кәсіпкер Лилия Зуева.

Танертенгілік жаттығулар мен ойындардан кейін қонақтар аспаздар мен бармендердің байқауларын тамашалады. Олар барбекю мен алкогольсіз коктейльдер дайындаудан жарысты. Сондай-ақ қонақтарды дискотека мен яркокросс, көлде спорттық жарыстар, су ойын-сауықтары және экокросс қызықтыра түсті. Фестивальдің басты хедлайнері — қазақстандық эстрада жұлдызы Дастан Оразбеков болды. Қонақтар екі күн бойы Азамат Бакиның «Жошы» этно-фольклорлық тобының, TIMURS TEAM би ұжымының, «АстанаKZ» командасының, Say Mo және отандық эстраданың басқа да жұлдыздарының шығармашылығымен жақынырақ таныса алды. Фестивальдің жабылу құрметіне мерекелік оташуы ұйымдастырылды. Ұйымдастырушылар атап өткендей, көл жағасындағы мерекенің басты міндеті — өскелең ұрпаққа экологиялық мәдениет дағдыларын қалыптастыру.

Қарағанды облысы



ларға тарту, оларды әлеуметтендіру, шығармашыл жастарға қолдау көрсету, облыстың дамуына елеулі үлес қосып жүрген белсенді жастар мен еріктілерді ынталандыру, марапаттау, салауатты өмір салтын ұстануды насихаттау, зияткерлік қабілеттерін арттыру, мүмкіндіктерін жүзеге асыруға жол ашу, отансүйгіштікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу және жастарға қатысты өзекті проблемаларды анықтау, шешу жолдарын әзірлеу. Өзін-өзі басқару органдарын дамыту және өзекті проблемаларды анықтау», — дейді Еркебұлан Ешмұхамбетұлы.

Онкүндіктің аясында облыстық, республикалық және халықаралық деңгейдегі жалпы саны 21, ал аудан, қалалық деңгейде 100-ден астам іс-шара өткізіледі. Жастардың зияткерлік қабілеттерін арттыру мақсатында 3-5 тамыз аралығында республикалық пікірсайыс, интеллектуалды ойын, облыстық шахмат турнирі, халықаралық «Жетісу жауһарлары» еріктілер экспедициясы, нашакорлықтың алдын алуға бағытталған «Антиграффити» акциясы және облыстық жастар арасындағы әскери-патриоттық ойыны ұйымдастырылады. 6-8 тамыз күндері жастар арасындағы шағын футболдан облыстық турнир, облыстық «Тәуелсіздік ұрпақтары» грантын табыстау, сондай-ақ «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының жеңімпаздарын марапаттау кеші, «Мейірімді Жетісу» фронт-офисінің 8 бағыт бойынша іс-шаралары болады. Ал 9-10 тамызға Жетісу облысы әкімінің кубогі үшін республикалық «Жайдарман» ойыны, ерекше қажеттілігі бір жастар арасындағы облыстық «Жүректен — жүрекке» шығармашылық байқауы, Dream city жастар фестивалі, 11-12 тамызға республикалық «Шаған тау» тау жарысы, «Көшбасшы — 2024» облыс әкімінің жастар сыйлығын табыстау рәсімі, сондай-ақ жұмыссыз жастар үшін бос жұмыс орындар жәрменкесін өткізу жоспарланған.

Жетісу облысы

«Қазсушар» РМҚ БСН 110740000364 «Нұра топтық су құбыры» РМҚ БСН 080340006390 қосу арқылы өзінің қайта ұйымдастырылғаны туралы хабарлайды, шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қ., Мәңгілік ел даңғылы 8/2, Алтын Орда БО, Тел.: +7(7172) 72 52 70

СЕНА ӨЗЕНІНДЕГІ СИҚЫР

Иә, ашылу салтанатын сиқырға балағанымыздың әбестігі жоқ болар. Өйткені француз жұрты Париждің нақты бейнесін көрсеткендей. Олимпиада тарихында алғаш рет ашылу салтанаты стадионда емес, қаланың дәл ортасында өтті. Оған қоса, олимп алауы араға жүз жыл салып Франция жерінде тұтанды. 10 500 спортшы қайық арқылы Сена өзені бойымен Эйфель мұнарасына жүзіп барды. Осылайша, 600 мыңнан астам адам ашылу салтанатын тамашалады. Тікелей көрсетілім арқылы аузының суы құрып отырғаны қаншама?! Өйткені шоу өткен аумақ алты шақырымды алып жатты. Аустерлиц көпірінде түтінді отшашу арқылы Франция туын бедерлеп, артынша 200-ден аса елдің делегациясы қайықпен Париждің көрікті жерлерін тамашалады. Тіпті, бір сәт толастамаған жауын да қаланың көркін, вайбын сезіндіргендей. «Махаббат қаласындағы» спорт тойына қош келдіңіз!» деп тұрғандай. Айта кетерлігі, ашылу салтанаты кезінде қала көшелерінде тәртіп күшейіп, ажиотаж пайда болды. Дегенмен бұған спортсүйерлер қабақ шытпай, қайта құп көргендей. Халықаралық олимпиада комитетінің мәліметінше, спорт мерекесінің түндігін түруге 85 қайық, 71 үлкен экран мен 170 камераны іске қосқан. Алау жағу рәсіміне келсек, француз футболшысы Зидан, испан теннисшісі Рафаэль Надаль, америкалық Серена Уильямс қатысты. Аталғандар бір-біріне табыстаған алауды соңына таман Францияның ең карт спортшысына әкеліп, ол дзюдодан үш дүркін олимпиада чемпионы Тедди Ринер мен жеңіл атлетикадан үш рет олимп шыңын бағындырған Мари Жозе Перекке тапсырды. Бұл көрініс спорттағы ұрпақ сабақтастығын нұсқағандай болды. Ринер мен Перек Эйфель мұнарасының жанындағы басты алауды тұтандырып, алып шарды көкке

ПАРИЖ-2024: КӨПТЕН КҮТКЕН АЛТЫН

АЙЗАТ АЙДАРҚЫЗЫ

Токио Олимпиадасынан кейін тосырқап қалған жұртты Париж қуанышқа бөледі. Айта кету керек, әуелі таңдандырды, тамсандырды. Сена өзенінен бастаған круиз-шоуды көпке дейін ұмытпасымыз анық. Бәйгеге спорттың 25 түрінен 80 спортшы қостық. Асланбек Шымбергенов пен Ольга Сафронова туды тік ұстап шықты. Ә дегеннен спортшыларымыз қоржынға жүлде салып, толқыныс туғаны рас.

Олимпиадасының алғашқы жүлдесін алған ел ретінде тарихқа енді. Қызығы, Сәтпаев пен Ле былтыр Ханчжоуда өткен Азия ойындарында да қола жүлде алған. Дабыра қылмай, дайындыққа күш салған мергендер нәтиже көрсетті. Бапкер сенімі ақталды деген осы болса керек.

Ал пневматикалық тапаншамен нысана көздеуден ерлер арасындағы жекелей сында Никита Чирюкин жарысты 15-орынмен аяқтап, финалға өте алмады. Одан кейін Ислам Сәтпаев пен Константин Малиновский іріктеуге



ұшырды. Артынша, мұнараның как ортасыннан Селин Дионның сызылта шырқаған әні әуеледі. Әннің мағынасы, халықтың ықыласы, Парижді, қаладағы дүбірді айқындап тұрғандай көрінді.

МЕРГЕНДЕР БАСТАҒАН ЖОРЫҚ

Кош, ашылу салтанатынан бір күн бұрын, 25 шілдеде мергендер Олимпиаданы бастап кетті. Садақ атудан ерлер арасындағы жекелей сынның рейтинг кезеңі өтті. Құрама сапынан Ильфат Абдуллин, Дәулеткелді Жанбырбай, Александр Ерменко бастаған жігіттер өнер көрсетті. Соның ішінде Дәулеткелді Жанбырбай команда сапынан үздік нәтиже көрсетті. 668 ұпаймен 22 сатыға тұрақтады. Ильфат Абдуллин 663 ұпаймен 29 орынға, ал Александр Ерменко 640 ұпаймен 59 орынға табан тіреді. Жекелей сынның 1/32 айналымы 30 шілде күні өтеді. Ал командалық 1/8 финалда Қазақстан құрамасы Италиямен кездесті. Біздің жігіттер 4:5 есебімен жол берді. Кездесу барысында олар жеңіліп жатып, есепті теңестіргені жігерлендірді. Дегенмен шешуші сәтте дәлдік жетіспей, «әтеген-айлап» қалғанымыз бар.

ҚОРЖЫНҒА ТҮСКЕН ҚОЛА

Иә, Олимпиадағы алғашқы медальды еншілеген мергендер — Ислам Сәтпаев пен Александр Ле. Олар пневматикалық винтовкамен 10 метрден нысана көздеді. Ислам мен Александра жұбы іріктеуде 630.1 ұпай жиналды. Үшінші орынға талас кезінде алғаш рет олимпиадаға қатысқан жұп Германия құрамасынан басым түсіп, қола медаль еншіледі. Осылайша, Қазақстан Париж



катысканымен, үздік сегіздікке ене алмады. Әйелдер арасындағы 10 метрге нысана көздеген Ирина Юнусметова 11-сатыға табан тіреді. Жекелей сынга қатысқан тағы бір мергеніміз Александра Ле алғашқы кезеңде 6-орынға тұрақтап, финалға өтті. Алайда финал кезінде жүлдеге бір табан жақын қалғанымен, ұтылып қалды.

ТЕҢДЕУ БОЛҒАН ТЕННИС

Олимпиададан жүлде салар жүйрікті түйіндегенде сарапшылар теннисші Елена Рыбакина есімін сан рет кайталаған. Жанкүйер де оның олимпте бак сынайтынына сенімді болды. Тіпті, жеребе тартылып, қарсыласы да белгілі еді. Рас, алтынға апарар жол ауыр



көрінді. Сөйтіп жүргенде Рыбакинаның денсаулығына байланысты Олимпиадаға қатыспайтыны белгілі болды. Тартысқа бір апта қалғанда Түркияда демалып жүрген спортшының жағдайы ел-жұртын алаңдатып қойды. Бұл жаңалықтан ес жия алмай жүргенде



команда капитаны Юлия Путинцева да жарыс жолына шықпайтынын айтты. Федерация тарапы екі теннисшінің денсаулық жағдайы турасында мәлімдеме жасап әлек болды. Алайда жаракатына қарамастан Олимпиада үшін ат арылтып келген талай спортшы тағы бар... Тек азайту амалын қолданып жүргенде теңдеу қиындай түсті. Жекелей сында өнер көрсеткен Александр Бублик америкалық Тейлор Фришқа жол берді. Ерлер арасындағы жұптық бөсекеде Бублик пен Недовесов жұбы алғашқы айналымда бразилиялық жұптан жеңіліп қалды.

ӘБИБА, ӘБИБАЖАН, ӘБИБА ҚЫЗ...

Ресми ашылу салтанатынан кейін дзюдонның көрігі қызатыны белгілі. Себебі бұдан бұрынғы Олимпиада ойындарында да осы спорт түрінен сүйінші сұрайтынбыз. Бұл жолы да дәстүр бұзылмады. Дегенмен 48 келі салмақта ел сенім артқан Әбиба Абужақыноваға сәттілік жолдас болмады. Ол карьерасындағы алғашқы олимпиадасын 5 орынмен аяқтады.



еншілеген тұңғыш қазақ балуаны ретінде тарихқа енді. Бұл Сметовтің үшінші Олимпиадасы еді. 2016 жылы күміс, 2020 жылы Токио Олимпиадасында қола еншіледі. Мойнына алтын медаль тағып, еліміздің әнұраны шырқалғанда еңкілеп сала берген спортшы күллі қазақты жылатты. Ақ тер ақталған күні аркасынан жүк түскендей болды. Қуаныштың көз жасы екені түсінікті. Өйткені бұл алтынды қазақ 44 жыл күткен еді. Кезінде Жаксылық Үшкемпіров «Олимпиададан алтын алатын балуан сен боласын, Елдос деп батасын беріп, тілеуін тілеген екен. Данқты спортшының батасы қабыл болып, Елдос ел мерейін асырды.

ҒҰСМАН ЖАСАҒАН «ҒАЖАЙЫП»

Басқа-басқа, Олимпиада басталар тұста ешкім дзюдошы Ғұсман Қырғызбаевтан жүлде күткен жоқ. Иә, ол төртжылдықты түйіндер додаға аутсайдер ретінде барды. Рейтингіте 26-орында тұрды. Бірақ рейтингтің ештеңе шешпейтінін дәлелдеген екінші қазақ атанды. Өйткені алтын еншілеген Елдос Сметов те рейтингте 22-ші болып тұрған еді. Естеріңізде болса, бұл — Олимпиада. Спортшы бабы мен бағын бәйгеге тігіп, сәттілікті «сұрап» алатын жер. Сондай тұста Ғұсманның жолы болды. Жолы болды дейміз-ау, дұрысы — бағы мен бабы қатар шапты. Себебі 66 келіге дейінгі салмақта Хифуми Абе, Ан Ба Уль, Валид Хир сияқты тұппарлар тұяғымен жер сызып тұрған-ды. Алғашқы айналымда-ақ Қырғызбаевқа Давид Гарсия Торне жолықты. Еуропа чемпионы атанған испан мықтысын қазақ жігіті қапы қалдырды. Одан өте бергенде Рио Олимпиадасының күміс, Токио Олимпиадасының қола жүлдегері, атағы айға жеткен Ан Ба Уль күтіп тұрған. «Олимпиада осы жерден бітті ме?» деп отырғанымызда Ғұсман ерлік жасап, бір «вазари» ұпайымен алға шықты. Осылайша, Оңтүстік Кореяның үмітін сөндірді. Сенсация! Жұрт өз көзіне өзі сенбеді. Іштей «француз Валид Хияр жібермейді-ау» дегенімізде мықты балуанды айналып өтті. Күллі Франция аяғынан тік тұрды. Ал жартылай финалда бразилиялық Виллиан де соуза Лимаға қарсы тұрды. Қанша тірескенімен, қосымша уақытта есе жіберді. Күміске қол созым жерде сүрінді. Қола үшін таласта серб Страхиња Бунчићті жығып, қоржынға жүлде салды. Өзі де жеңгенін білген сәтте татамиге жата қалды. Көзіне жас алды. Талай жылғы еңбегі ақталды. Карьерасында халықаралық үш-ақ жүлдесі бар азамат Олимпиаданың классына қол созды. Тарқатып айтсақ, 2021 жылы әлем чемпионатында күміс медаль алған. Сол сәтте 60 келіде өнер көрсеткен-ді. Одан кейін Азия чемпионатының қос қоласын қалтаға салған-ды. Мансабын аяқтар тұстағы алғашқы Олимпиадасында топ жарды. Содан болар, Қырғызбаев алтынға бергісіз қола медаль алды. Аталған жүлде жолында аңызға бергісіз бірнеше кездесу өткізді. Кейінірек кимоносын сандықтан шығарғанда ұрпағына мақтанышпен айтып берер естен кетпес Париж ертегісінің басты қаһарманына айналды.



AIQYN

Меншік иесі — «Айқын-Литер» ЖШС

Директор —
Талағат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор —
Амангелді ҚҰРМЕТ
Гүлзина БЕКТАС —
Бас редактордың
бірінші орынбасары
Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ —
Шығарушы редактор
Едгар ҚАБА —
Секретарият меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТЛШЛАЕР:
Абзаа АЛПЫСБАЙҰЛЫ —
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ—
Алматы қаласы
Саятқан САТЫЛҒАН —
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ —
Қарағанды облысы
Назғұл НАЗАРБЕК —
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА —
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ —
Қызылорда облысы
Баиян ЖАНУЗАҚ —
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКС:**
Кәсіпорындар,
мекемелер үшін — 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін — 55102
Жеке жазылушылар үшін — 65102

ЖАРНАМА БОЛІМЕ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com
ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БОЛІМЕ:
8(717) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет «Айқының»
компьютер орталығында беттелді
ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4477
Астана қ., «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ., «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,

Газет аптасына 3 рет шығады

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

010000. Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Астана қ. (7172) 72-95-46
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

- Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
- Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
- Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданылмайды.
- «Айқын»да жарияланған материалдарды көшіріп немесе оңдеп басу үшін редакцияның жазбама рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редактор —
Айдана НҰРМҰХАН